- в форме установок (как проекции прошлого опыта на ситуацию «здесь и сейчас»), осознанных оценок ситуации и поведения, обусловленных предшествующим опытом.

- в виде мотивационной готовности (возможность осознать смысл и ценность того, что он делает);

- в виде профессионально-личностной готовности к самореализации через процесс персонализации.

Устойчивость, стабильность и качество профессиональной деятельности обуславливается именно особенностями психологической готовности специалиста. Психологическая готовность – это совокупность как внутренних, так и внешних условий, в первую очередь, это личностные качества специалиста-педагога: интеллектуальные, мотивационные, эмоционально-волевые, профессионально-ценностные, обеспечивающие готовность к профессиональной деятельности. Это некая внутренняя уверенность и решимость, состояние мобилизации, формирующаяся в процессе профессионального обучения и обеспечивающая успешность деятельности. Одновременно психологическая готовность – это есть условие эффективности профессиональной деятельности.

Профессиональная готовность педагога к инклюзивной практике в образовательной среде – это уровень его знаний и профессионализма, позволяющий принимать оптимальные решения в конкретной педагогической ситуации и представлена тремя группами специальных компетенций: организационно-управленческих, образовательных и методических. Каждый блок включает перечень профессионально важных качеств, которые оказывают значимое влияние на эффективность профессиональной педагогической деятельности. Профессиональная готовность является результатом профессиональной подготовки, качеством личности и так же выступает регулятором успешности профессиональной деятельности.

Готовность – это системный процесс, который нужно рассматривать с разных сторон и на различных уровнях. Формирование готовности педагога к инклюзивной педагогической практике включает в себя такие *личностные характеристики*, как:

- осознанный выбор вариантов собственного профессионального поведения;
- способность и готовность выбирать адекватные средства и методы саморазвития;
- организации педагогической деятельности в условиях сотрудничества;
- умение свободно ориентироваться в системе приемов и способов педагогической деятельности.

Первичной и важнейшей ступенью подготовки системы образования к реализации процесса инклюзии является этап психологических и ценностных

изменений ее специалистов и уровня их профессиональных компетентностей. Уже на первых этапах развития инклюзивного образования остро встает проблема неготовности учителей массовой школы (профессиональной, психологической и методической) к работе с детьми с особыми образовательными потребностями, обнаруживается недостаток профессиональных компетенций учителей к работе в инклюзивной среде, наличие психологических барьеров и профессиональных стереотипов педагогов.

Основным психологическим «барьером» являются страх перед неизвестным, страх вреда инклюзии для остальных участников процесса, негативные установки и предубеждения, профессиональная неуверенность учителя, нежелание изменяться, психологическая неготовность к работе с «особыми» детьми. Это ставит серьезные задачи не только перед психологическим сообществом сферы образования, но и методическими службами, а главное – перед руководителями образовательных учреждений, реализующих инклюзивные принципы. Педагоги общего образования нуждаются в специализированной комплексной помощи со стороны специалистов в области коррекционной педагогики, специальной и педагогической психологии, которая обеспечит понимание и реализацию подходов к индивидуализации обучения детей с особыми образовательными потребностями, в первую очередь – учащихся с ограниченными возможностями здоровья. Но самое важное, чему должны научиться педагоги массовой школы, – это работать с детьми с разными возможностями в обучении и учитывать это многообразие в своем педагогическом подходе к каждому.

Для оценки качества инклюзивного процесса в системе образования необходима разработка комплекса программ мониторинговых исследований, связанных с динамической оценкой психологических параметров процесса инклюзии в общеобразовательном учреждении и в системе в целом. По нашему мнению, одним из таких показателей является готовность учителя к профессиональной деятельности в инклюзивных образовательных условиях. Это позволит получить информацию о разработках содержания программ повышения квалификации, грамотного управления и методического обеспечения системы инклюзии, а также психологической поддержки инклюзивного процесса.

Состояние сформированной готовности помогает педагогу успешно выполнять свои обязанности, правильно использовать знания, навыки, умения, опыт, личностные качества, сохранять самоконтроль и перестраивать деятельность при возникновении барьеров и препятствий.

Таким образом, исходя из положения, что современная школа – это развивающаяся школа, в которой педагогический процесс все время совершенствуется разумно изменяясь, необходимо осознать, что процесс перемен в школе – это процесс перемен в учителе, в его профессиональных взглядах, методах, подходах к решению организационных и учебных проблем и т.д. Перемены начинаются с личности, а уже потом приобретают общий характер.

1. Алехина С.В., Алексеева М.А., Агафонова Е.Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании. // Психологическая наука и образование. 2011. № 1.
2. Концепция развития инклюзивного образования в Республике Казахстан. 2009.
3. Самарцева Е.Г. Формирование готовности будущих педагогов к инклюзивному образованию детей / Е.Г. Самарцева // Сибирский педагогический журнал - Новосибирск: НГПУ, 2011 - №13. - С. 50-54.
4. Wendelborg C., Tøssebro J. Educational arrangements and social participation with peers amongst children with disabilities in regular schools // International Journal of Inclusive Education. 2011. Vol. 15, № 5.
5. Назарова Н. Интегрированное (инклюзивное) образование: генезис и проблемы внедрения // Социальная педагогика. - 2010. - № 1.

ТҰЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бөлшекбаева Әсем Исақызы – Абай атындағы ҚазҰПУ
педагогика және психология мамандығының 3-курс PhD докторанты
Аңдатпа

Мақалада тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың психологиялық мәселелері қарастырылған. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті анықталған. Тұлғаның дамуы мен дүниетанымын қалыптастыру көптеген әсерлерге ұшырайтын өте күрделі және қайшылықты үдеріс.

Аннотация

В статье рассматриваются психологические проблемы формирования мировоззренческой культуры личности. Раскрывается формирование мировоззрения личности. Развитие личности и формирование мировоззрения – очень сложный и противоречивый процесс, подвергающийся множеству разнообразных влияний.

Abstract

The article deals with the psychological problems of formation of the ideological culture of the individual. Revealed the formation of outlook of the person. Personality development and the formation of worldview - a very complex and contradictory process of undergoing a diverse array of influences.

Кілттік сөздер: тұлға, мәдениет, дүниетаным, тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті.

Ключевые слова: личность, культура, мировоззрение, мировоззренческая культура личности.

Keywords: personality, culture, ideology, ideological culture of the individual.

Тұлғаның дүниетанымын психологиялық тұрғыдан сыртқы дүниенің оның санасында бейнеленуінің жалпы жүйесі ретінде емес, меңгерген ғылыми түсініктер, өлшем, баға жүйесі ретінде, сонымен бірге психикалық іс-әрекет – өзінің тәрбиесінде және дүниеге деген өзінің қатынасын реттеу үшін дүние-танымдық мақсатта, бұл бейнелерді пайдалануға бағытталған – іс-әрекет пен қабылдаудың таным операциясы жүйесі ретінде қарастыру қажет.

Г.Е. Залесскийдің пікірінше «Бұл психикалық іс-әрекет ерекше. Бұл әлеуметтік бағдарлау процесінде «Мен – бейнені» іске асырушы қызмет атқарады. Басқа әр түрлі заттармен салыстырғанда инвариант бола отырып «дүние-танымдық» іс-әрекет, мақсаты, мотивациясына және операциялық механизмінің құрамы бойынша өзіне тән ерекшелігі болады. Оны іске асыру әлеуметтік бағдарлаудағы жеке әдісті қалыптастыру болып табылады, яғни қоғамдық тәжірибенің ғылыми білімдер жүйесіне белгіленген және жеке тұлғаның әлеуметтік талаптар мен күтілулеріне, тәрбиесіне мақсатты түрде бағытталуына сәйкестігін қамтамасыз етеді [1].

«Дүниетанымдық іс-әрекеттің» қызығушылығы жеке тұлғаның саналы түрде өмірге, дүниеге деген өзінің қатынасын құру қажеттілік талаптары және оның эмпирикалық немесе эмоциональдық негіздегі ғана емес тәртібі, бірақ ғылыми дүниетаным мазмұнына сүйенуі болып табылады. Әлеуметтік бағдарлаудың әдісі танымдық әрекеттердің жалпылау жиынтығы деп түсіну қажет, нақты қоғамдық оқиғаларға, құбылыстарға қалай қарау керек екені жайлы мәселердің шешімін қалай орындау жолдары.

Дүниетанымның негізгі қызметтері: ақпаратты-бейнелі, бағдарлы-реттеуші және бағалау болып табылады (И.Ф. Харламов). Дүниетанымның ақпаратты-бейнелі қызметтері қоршаған ортадағы оқиғалар мен құбылыстарды қабылдау тәсіліне және оның адам санасында бейнеленуіне байланысты. Дүниетаным призма рөлін атқарады, яғни барлық сыртқы әсерлер сыну арқылы өтеді [2].

Дүниетанымның бағдарлы-реттеуші қызметі адамның тәртібі мен іс-әрекеті арқылы оның санасымен, көзқарасын және сенімін анықтауға байланысты болып келеді. Егер адамда сол және одан басқа да дүниетаным қалыптасса, онда ол адамда тұрақты көзқарас пен сенім жинақталады, яғни ол олардың іс-әрекеттері мен қылықтарын анықтайды.

Дүниетанымның бағалау қызметі адамды қоршаған орта құбылыстарын, оның өз көзқарастары мен сенімдерін бағалаудан шығады немесе басқаша айтқанда өз дүниетанымы болады.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінің қайта құрылуы, оның адамгершілікке бағдарланып, мәдениеттен көрініс алуы адамның шығармашылық әлеуетінің ашылуына, рухани құндылық бағдарының қалыптасуына әсер етеді.

Мәдениет – адамның шығармашылық іс-әрекетінің нәтижелерін жинақтайды, рухани-практикалық күштерін жетілдіреді және оны шығармашылық тұлға тұрғысынан қалыптастырады [3].

Жеке тұлғаның мәдениеті ұғымының мәнін анықтау барысында Н.Д. Хмельдің «адамның мәнді күштерінің дамуының жоғары деңгейі мен оларды материалдық және рухани құндылықтарды жасау мен тұтыну бойынша жүзеге асыру тәсілдері» делінген анықтамасын негізге ала отырып [4], бұл *«адамның қолынан келетін және игеруге тиісті адамзаттың ғасырлар бойы жасаған ең жақсыларына тәрбие арқылы қол жеткізуінің, оларды бойға сіңірудегі адами жетілудің дәрежесі»* деп түсінеміз.

Бүгінгі қоғам жағдайында терең білімді, ой-өрісі, рухани-адамгершілігі,

танымдық қабілеті жетілген, ұдайы шығармашылық ізденісте жүретін жастарды тәрбиелеу – білім беру жүйесінің негізгі мәселесі. Бұл ғасырлар бойы адамзат жинаған тәжірибені жастарға жеткізетін педагогтардың алдына қойылатын талап деңгейлерін айқындап алуды қажет етеді. Соңғы жылдардағы білім саласындағы өзгерістер педагогика ғылымында қордаланған тәжірибені зерттеп-зерделеп, практикада тиімді пайдалануды талап етіп отыр.

В.В. Краевский білім мазмұны бойынша мәдениеттану моделін ұсынды. Бұл модельде білімді әлеуметтік-мәдени прогреспен сабақтастыру идеясы көтерілді. Ол компонентті бөліп көрсетті: өмір шындығының әр түрлі салалары туралы білім жинау тәжірибесі, әрекеттің белгілі тәсілдерін орындау тәжірибесі, шығармашылық қызмет тәжірибесі және адам әрекетінің нысандары мен құрал-дарына эмоционалдылық құндылық қатынас тәжірибесі. Осы жүйе арқылы алған білім тұлғаның өмірлік дағдысын қалыптастырудың тетігіне айналады [5].

Дүниетанымдық мәдениет – тұлғаның жеке кәсіби сапасы ретінде өзекті де табысты және қазіргі заманғы ерекше үздік белгілерінің бірі болып табылады.

Дүниетанымдық мәдениет – тұлғаның тұлғалық құрылымының элементі ғана емес, оның кәсіби педагогикалық құрылымын байытудың және қалыптастырудың ең қажет факторы.

Жалпы дүниетаным адамзат пен қоғамның рухани өміріндегі күрделі құбылыс. Оның қолдауымен адамзат қызметі ұйымдастырылған және реттелген сипатқа ие. Ол көзқарастар, ойлар, идеялар, құндылықтар мен ұстанымдар жиынтығы болып табылады. Сонымен бірге, адамзаттың өмірлік позициялары айқындалып, қызметі мақсатты түрде ұйымдастырылады [6].

Бүгінгі күні жеке тұлғаны демократиялық қоғам талабына сай дамытуға, оны әлеуметтік тұрғыдан қабілетін арттыруға тәрбиелеу керек, яғни оның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыру қажет.

Дүниетанымдық мәдениет дегеніміз – адамның өмірлік тәжірибесінде белгілі бір ойдан, мақсаттардан, рухани жан дүниесіне байланысты туындайтын, белгілі бір жағдайларға байланысты дүниетаным, яғни дүние туралы түсінік. Ол адамның ішкі жан дүниесінің өзгеріп отыруын анықтайтын адамның ішкі жан дүниесінің тірегі. Дүниетанымдық ілім білімге терең сусындаумен, диалектілік ойлау қабілетінің дамуына, адамның әлеуметтік белсенділігіне байланысты қалыптасады [7].

Республикамызда білімді дамытудағы негізгі стратегиялық бағыт жоғары білімді, әлемге деген этикалық көзқарасы қалыптасқан, бәсекелестікке қабілет-ті, шығармашылық ойлау қабілеті дамыған, өркениетті мәдениеті қалыптасқан солармен қоса өзінің қайталанбастығын, жеке даралығын сақтап қалған тұлғаларды қалыптастыру болып табылады. Бұл адам дамуындағы мәдени механизмдердің әлеуметтік-психологиялық контекстіндегі білім берудегі адамгершілік парадигмаларын қалыптастыру қажеттілігін анықтайды. Мұндай жағдай қоғамның адамға қайталанбас құбылыс ретінде қарауын қамтамасыз етеді және дәстүрлі білім беру жүйесіне қарағанда әлеуметтік мәдени ортамен және өзімен, табиғатпен қарым-қатынасының үйлесімділігіне барынша үлкен мүмкіндік береді. Білім берудің негізгі қалыптасқан принциптері: білім беру

қызметі субъектісі түрінде көрінген өзін-өзі дамытуға сүйену, тұлғаның өзінің белсенділігі; жеке тұлғалық тұрғыдан қарау. Бұл контекстегі маңызды аспект дарынды жастардың жеке тұлғасын дамыту және психологиялық қолдау мәселесі болып табылады.

Қазіргі уақытқа дейін демократия мен адам құқықтары, экономикалық және саяси бостандықтың барлық қырлары ашылып, сараланды. Дегенмен, дүние-жүзі бойынша білімнің баға жетпес құндылық екенін мойындағанымыз абзал. Дәл осы уақытта әр адам үшін ар мен дүниетаным бостандығы шындыққа айналды. Бірақ адам баласын көбінесе адамзат тағдыры, оның өмір сүруі, әлеуметтік әділетсіздіктер толғандыратыны белгілі. Қарама-қайшылыққа толы әлемде әр адамның өзінің бағытын табуына, өзіндік әрекеттер жасауына мүмкіндік беру үшін ең алдымен оның дүниетанымын қалыптастыру қажет [8].

Қазіргі жағдайда еліміз терең және көп қырлы жағдайды басынан өткізуде. Олар: экономикалық тәртіп пен қоғамдық-саяси бағыт өзгерді. Аға ұрпақты рухани құндылықтар жағдайы көбірек алаңдатады. Жедел түрде жалған бұқаралық ақпарат мәдениеті мен субмәдениет жүйесі таралуда: тұтынушылық, ойын-сауық, жеке күшке табыну, агрессия (басқыншылық), вандализм, жауап-кершіліксіз бостандық, немқұрайдылыққа салыну. Осының барлығы білім мен тәрбиеге жаңаша тұрғыдан қарауды талап етеді [9].

Педагогика ғылымының алдында жастардың бойында тез өзгеруші қоғамда өз орнын таба алатын тұлғалық қасиеттерді дамыту мен қалыптастыру міндеті тұр. Олар: ойлау икемділігі, сыншылдық, қиын жағдайда өз бетімен таңдай жасай алуы, төзімділігі (толеранттылық), азаматтығы, қызмет ету, іскерлік, креативтілігі, қарым-қатынас мәдениеті, ғаламдық болжау, «мәдени диалог» жүргізе алуы және т.б.

Дүниетаным қоғамдық сананың жалпы және жоғарғы түрі болып табылады. Ол өз түрлеріне тән бірнеше элементтерден қалыптасады (философия, ғылым, эстетика, мораль, т.б.) Осылардың ішінде философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен рөл атқарады. Философия-лық көзқарастар мен сенімдер бүкіл дүниетаным жүйесінің негізін құрайды [10]. Философияның өзі таным қызметтерінің ұтымды-ұғымды мәнерін және дүниетаным бағдарын негіздейді: ол ғылыми деректер мен тәжірибе жиынтығын теориялық тұрғыда ұғындырады және шындық бейнесін объективті және тарихи тұрғыда айқындауға ұмтылады. Ғылыми білім дүниетаным жүйесіне ене отырып, адамды қоршаған әлеуметтік және табиғи орта шындығына бағыттау мақсатында, сондай-ақ шындыққа қатысты тиімділікке, адасулар мен ескілік көзқарастардан арылуға қызмет етеді [11]. Адамгершілік қағидалар мен өлшемдер адамдардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын реттеуге және эстетикалық көзқарастармен бірге қоршаған ортаға қарым-қатынасын анықтауға, іс-әрекет түрлеріне, мақсаттары мен нәтижелеріне қызмет етеді. Білімнің, тәжірибенің және көңіл-күй бағамын жалпылай отырып, адамның қоғамдық тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерін бейнелейді, тұлғаның дүниетаным-дылығы мен тарихи айқын жүйенің бүкіл өмірлік және іс-әрекетінің бағытын анықтайды.

1. Залесский Г.Е. Психология мировоззрения и убеждений личности. М.: МГУ, 1994. 144 с.
2. Харламов И.Ф. Педагогика. – М.: Гардарики, 1999. – 520 с.
3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Павлодар: "ЭКО" ФӨФ. 2006. – 482 б.
4. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 319 с.
5. Краевский В.В., Полонский В.М. Методология для педагога: теория и практика. – Волгоград: Перемена, 2001.
6. Азархин А.В. Мировоззрение и эстетическое развитие личности. Киев, Наукова Думка, 1990. 191 стр.
7. Таубаева Ш., Дорожкина Л. Мировоззренческая культура личности: сущность и структура. \\\ Менеджмент в образовании. №1(32) 2004, 45-53 стр.
8. Mark Koltko-Rivera "The Psychology of Worldviews" Published in Review of General Psychology, Vol 8(1), March 2004, pp. 3-58. doi: 10.1037/1089-2680.8.1.3
9. LeBaron, Michelle. "Cultural and Worldview Frames." Beyond Intractability. Eds. Guy Burgess and Heidi Burgess. Conflict Information Consortium, University of Colorado, Boulder. Posted: August 2003 <<http://www.beyondintractability.org/bi-essay/cultural-frames>>.
10. Funk, K, R. Mauro, & H. Birdseye, "[Identifying and Addressing Human Factors Issues of ADS-B and Cockpit Displays of Traffic Information](#)" (conference presentation), Human Factors and NextGen: The Future of Aviation, University of Texas, Arlington, Texas, May 28-29, 2008.
11. Villegas, A. M., & Lucas, T. (2002). Educating Culturally Responsive Teachers: A Coherent Approach. Albany: Suny Press.

ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУШЫ МЕН ОҚУШЫ АРАСЫНДА ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

Ибашова Мейрамгүл Смағұлқызы –

Абай атындағы ҚазҰПУ Психология ҒЗИ ғылыми жұмыстарының инспекторы

Аннотация

Мақалада әлеуметтік психологиялық тренингке анықтама беріліп талдау жасалынады. Сонымен қатар, топтық дискуссия жүргізудің тиімді жақтары қарастырылады.

Аннотация

В статье социально-психологические тренинги показаны как предпосылки общения между учителем (преподавателем) и учеником. Дается анализ и определение социально-психологического тренинга.

Annotation

This article about the socio-psychological training as prerequisites of communication between the teacher and the student. The analysis and identification of socio-psychological training is given.

Түйін сөздер

Әлеуметтік психологиялық тренинг, топтық дискуссия, рөлдік ойындар, тұлғаралық конфликт, психологиялық көзқарас.

Ключевые слова

Социально-психологический тренинг, групповая дискуссия, ролевые игры, межличностный конфликт, психологический взгляд.

Keywords

Socio-psychological training, group discussion, role play, interpersonal conflict, the psychological point of view.

Оқытушының педагогикалық іс-әрекеті көп жағдайда сыныппен және жеке оқушылармен қарым-қатынас жасау түрінде өтеді. Бұл жерде әлеуметтік-психологиялық факторлар үлкен орын алады. Бұл факторларды білу және оларды нақты іс-әрекетте тұлғаның қолдана алу қабілеттілігін мұғалімнің әлеуметтік-психологиялық біліктілігі деп айтсақ болады. Мұндай біліктілікке мотивтер, «мінез-құлық стратегиясы» қарым-қатынас кезіндегі өзінің және серіктесінің фрустрацияларын түсіне алу кіреді. Оған топтық-әлеуметтік психологиялық процестерді түсіну қабілеті, өзара түсінісуде туындауы мүмкін болатын кедергілерді ұғыну, қарым-қатынасын технологиялық әдістерін игеру және т.б. жатады. Оқытушының мектептегі қызметі үлкен және айқын талап-тарды, сонымен бірге оның әлеуметтік-психологиялық хабардарлығын көрсетеді. Мысалы, оқытушы мен оқушылар арасындағы қалыптасатын қарым-қатынас аркасында мінез – оқыту, тәрбиелеу процестерінің барлық аймағына едәуір әсер етеді. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша, көп жағдайда оқытушының оқушылармен қарым-қатынас стилі, оқушылар арасындағы қарым-қатынас мінезін анықтайды осыған байланысты оқушының мамандық (мүмкіндіктерінің) қасиеттерінің күрделі ансамблінің қаншалықты деңгейде дамығандығы оның перцептивті және коммуникативті мүмкіндіктерінің қандай деңгейде болуы маңызды. Көбінде олар оқушының сәйкес қабылдауына оның психологиялық ерекшеліктерін, іс-әрекеттерінің мотивтерін түсінуіне, онымен сәйкес қарым-қатынастарды орнатуына жауапкершілікті. Мектеп сыныптарындағы қарым - қатынасты нақты талдай алу қабілеттілігі ретінде түсіндірілетін әлеуметтік-психологиялық бақылаушылықтың дамуы мұғалімді дайындауда ең маңызды тапсырмалардың бірі. Оқушылар қалыптас-тырған оқытушы кейпінен оқушыдан шыққан ақпаратты қабылдау тәуелді, өйткені оқытушы мен оқушылар арасындағы өзара түсіністік тек қана оқыту ақпаратын ғана қабылдауға емес, сонымен қатар оқытушы көрсететін нормалар мен құндылықтарды қабылдауына әсер ететін пікірлермен санаспауға да болмайды.

Бұл мәселелер кейбір эмпирикалық зерттеушілердің мәліметтері көрсеткен-дей, оқытушылар оқушының адекватты қабылдауын жалпы алғанда педого-гикалық жұмыстың алғы шарты болып табылатын оқушының ішкі әлемінің ерекшеліктерін түсіне бермейді (А.А. Бодалев, Я.Л. Каменский, Н.А. Березовин, Т.Н. Мальковская және т.б.). Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын

арнайы зерттеген Г.И. Чукина бойынша, оқытудың мазмұны мен оқыту іс-әрекетінің процестерімен байланысты, стимулдардың барлық жинағы, оқушы-лар қарым-қатынасымен байланысты әлеуметтік стимулдар (яғни әлеуметтік-психологиялық факторлар) оқушы тұлғасы үшін барлығынан маңызды [1].

Жоғарыдағы айтылғандар оқытушының әлеуметтік психологиялық біліктілігі оның педогогикалық шеберлігінің де маңызды бөлігін құрайтынын көрсетеді. Бұл біліктіліктің жоғарылауын педагог оқытушы шеберлігінің жоғарғы сатыға көтерілуінің формаларының бірі ретінде қарауға болады. Тұлғаның әлеуметтік – психологиялық компетенттілігінің жоғарылауының көлемдегі құралдарды назарға аударуды қажет ететін күрделі тапсырма. Осындай құралдардың бірі әлеуметтік-психологиялық тренингтердің әртүрлі әдістері болып табылады.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг – деп негізінде қарым-қатынас аймағындағы білімдердің өзіндік түрлерін оқыту және жекелей қабілеттіліктер, сонымен бірге оларды түзетуге сәйкес келетін түрлер кіреді. Нақтылай айтқанда, мазмұны бойынша тренинг әдістерімен шешілетін тапсырмалар аймағы кең және әртүрлі соған сәйкес тренингтерді жатқызуға болады. Бұл формаларды екі топқа бөледі: А) Арнайы қабілеттіліктерді дамытуға бағытталған мысалы, дискуссия жүргізе алу, тұлғааралық конфликттерді шеше алу. Б) Қарым-қатынас жағдайын талдау тәжірибесін тереңдетуге бағытталған. Бұл жерде ең алдымен өзін, қарым-қатынасқа түскен серіктесін және жалпылай топтық жағдайда талдай алу тәжірибесі айтылыпты [2].

Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістері әлеуметтік-психологиялық мәселелер бойынша дәстүрлі әңгімелесу, семинарлар, лекциялар қолданумен қатар, оқытудың белсенді әдістерін де жүзеге асырады. Бұл тренингтер әдістерінің көптеген классификациясы бар болғандықтан олардың барлығы екі үлкен аймақты көрсетеді – топтық дискуссиялар және топтық ойындар. Топтық дискуссия әдісі көбінесе нақты жағдайларды талдау және топтық өзін-өзі талдау түрінде қолданылады, мысалы, Т-топтары. Әлеуметтік-психологиялық тренингтік ойын әдістерінің ішінде рөлдік ойындар әдісі кең таралған. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің барлық әдістері біріншіден, топтық өзара қарым-қатынасын үйрету эффектісін (әсерін) кең қолдануға бағытталған. Екіншіден, бұл әдістер үйренушінің белсенділік принципіні оқытуға үйрету элементін қосу арқылы жүзеге асады. Егер дәстүрлі әдістер көбінесе дайын білімге бағытталса, ал бұл жерде қатысушы – зерттеушілер өздері осыған келу керек. Үшіншіден, аталған әдістерде, үлгілерде оқытудың өзіндік варианттары бар. Аталған әдістердің әрбіреуі жеке-жеке қолданылуы мүмкін және әдістердің қосындысы-нан тұратын кешенді бағдарламалардың құраушы бөлігі болуы мүмкін.

Нақты жағдайларды талдау – әлеуметтік психологиялық тренингтің өте көп қолданылатын түрі. Нақты жағдайлардың негізі әдетте қандай да бір адаммен, қандай да бір жерде, қандай да бір уақытта өткен оқиғаларды құрайды. Топтық дискуссияларды ұйымдастырулардың күрделі үрдісінде топ зейінінің фокусы (орталығы) шешетін мәселе, ал басты әрекет ететін адам – дискуссияға қатысушылар болып табылады [3]. Әдістің тиімділігінің қамтамасыз етуші жүргізуші болып табылады. Дәл жүргізушінің қабілеттілігінен, кәсіби шеберлігінен,

тұлғалық ерекшеліктерінен адекватты түрде қойылған мәселе төңірегінде дискуссия жүргізе алу тәуелді.

Топтық дискуссия түрінің мақсаты мынадан тұрады: әлеуметтік-психологиялық тренингке қатысушыларды белгілі бір психологиялық қарым-қатынас жағдайына кіргізіп қойып ұсынылған нақты жағдайда мүмкін болатын және шамалас жауаптарды көруіне және мінез-құлықтың нағыз мақсатқа бағытталған түрін тандауға итермелеу.

Бұл әдіс практикалық тәжірибені кеңейтуге көмектеседі. Типтік мысалдардан құралған бұл әдіс математиканы оқу тапсырмалар мен мысалдарды шешу арқылы қол жеткізетіндігі тәрізді жалпы ережелерді практикалық түрде қолдану дағдыларына үйретеді. Сонымен қатар, әлеуметтік-психологиялық тренинг қатысушыларына нақты жағдайлар анализінен кейбір жалпы принципін алуға көмектеседі. Нақты жағдайларды талдау психологиялық сипаттағы педогогика-лық көптеген мәселелердің шешімін табуға көмектесуі мүмкін. Сол себепті осындай ұқсас жағдайларда психологиялық түрде дұрыс әрекеттерге дайындық қалыптастырады. Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдісінің тағы да мынадай артықшылықтары бар: әрбір қатысушыға өзінің көзқарасын анықтап беруге көмектесу, басқа адаммен өзара қарым-қатынас жасау арқылы ақпаратпен байытылу (қанықтырылу), мәселелерге топтық шешімді ортақтастыру дағдысы-на үйретеді. Осының барлығы әлеуметтік-психологиялық тренингке қатысушы-ларының шығармашылық белсенділік мүмкіндіктерін белсендендіріп, олардың инициативаларын танытуға жақсы жағдай туғызады. Бұл шешімді іздеуде қателіктер жіберу қорқыныш тудырмайды, өйткені практикалық түрде теріс салдарға алып келмейді. Осындай өзіндік әрекеттердің еркіндігі, нақты мәселе-лерді шешуде өзінің күштерін сынап көру мүмкіндігі қатысушылар мотивация-сын едәуір көтереді. Нәтижесінде, зерттеулер көрсеткендей бұл әдіс лекция типтес әдістерге қарағанда сабаққа едәуір дәрежеде тұрақты қызығушылықтың аса белсенділігін тудырады.

Т-топтары сияқты топтық дискуссиялардың барлық түрінде дерлік дискуссия пәні қандай да бір адаммен, қандайда бір жерде, қандай да бір уақытта өткен оқиғалар болып табылмайды, ал “осы жерде және қазір” қалыптасқан Т-тобына қатысушыларының тұлға аралық қарым-қатынасы болып табылады және міндеті сол жерде болып жатқан үрдістерді талдау арқылы оның динамикасын топтың өзінің зерттеуі. Бұндай топта жүргізушінің рөлі сенімділік атмосфера-сын орнату мен топтық дискуссияға қатысушылар өзінің және басқалардың мінез-құлықына мұқият қарағысы келетін интенсивті зерттеу орнатуға көмек көрсету. Т-топтағы кері байланыс жүйесі әрбір қатысушыға өзінің не айтып, не істегенін басқалар қалай интерпретация жасайтынын көре алуға мүмкіндік береді, одан адамның өзінің топтағы әрекеттерінің мүмкін болатын соңын (нәтижесін) саналауға алғышарт туындатады [4].

Әлеуметтік-психологиялық тренинг ойындық әдістері әртүрлі болып келеді. Олардың ішінде кең таралғаны рөлдік ойындарда да, мәселелі оқиға беріледі, бірақ оның шешімі, қарапайым толық дискуссияда жүргізілетін талқылау сияқты тек ұжымдық талқылауда емес. Рөлдік ойында әлеуметтік-

психологиялық тренингтің жеке қатысушыларынан сол оқиғадағы рөлдерін айтуын сұрайды. Мысалы, оқытушының рөлі мен оқушының рөлі т.б. Сонымен бірге берілетін тапсырма ол қойылған рөлді кездейсоқ ойнап кету қажет. Бір оқиға қайталана береді. Себебі тренингтің қатысушыларына әртүрлі бірнеше рет рөлде болып, өзінің шешімінің нұсқасын ойластыруы үшін осылай жасалады. Рөлдік ойынның барысында қатысушылар рөлді белсенді ойнаушы бола алады, сонымен бірге көрермен-қазылар бағалайды. Бұл шараның соңында, ойыншылар көрсеткен рөлдердегі шындық, іс әрекеттің мақсатты жүзеге асыру және т.б. мәселелерде жетекші мен бірлесіп топтық пікір-талас жүргізіледі.

Рөлдік ойынның қатысушыларына мынадай жағдайлар жасалады: а) іс әрекет рөлімен байланысты қарым-қатынастың нормаларын, өзіндік әлеуметтік бағыттарды сезімдер мен ойлауды жиып алу. б) әлеуметтік-психологиялық құбылыс болып табылатын идентификация мен эмпатияға тікелей байланысты басқа адамдардың жағдайларына кіру қабілеттілігін дамытып, олардың позициялары мен сезімдерін артығырақ түсіну. в) шынайы өмірді модельдейтін жағдайларға қарым-қатынастың жаңа рөлдері мен формаларын қойып көру [5].

Рөлдік ойындарда топтық пікір-таластың барлық жетістіктеріне ие. Бұл әдістердің айырмашылығы мынадан көрінеді: Егер нақты жағдайды топтық талдау кезінде қатысушылар психологиялық түрде мәселелі жағдайдың сыртында болса, яғни олар оны «шет жақтан» талдап, шешетін болса, ол рөлдік ойын кезінде қатысушылар берілген жағдайдың адекватты шешімін «іштей» тауға талпыныстар жасайды. Бұл ойын іс әрекетінің психологиялық механизмдерін қолдану арқылы жүзеге асады.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг үшін ойын әрекетінің ашық (анық) көрінетін эмоцияналды қанықтылық сияқты сипаты керек. Әдетте ойын іс- әрекеті оның қатысушылары үшін сан қилы қобалжулар тудырады. Бұл қобалжулар өз күшін сынап көрумен, өзін-өзі тұрақтандырумен, ойын әрекет-терімен байланысты немесе ойын барысында, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу процесінің өзінен рахаттанумен және т.б. байланысты болуы мүмкін. Ойын жағдайының шарттылығына қарамастан ойнаушы сезінген сезімдер шынайы болып табылады. Ол жерде ойналған ойлар мен ойлаулар, ойнаушыға маңызды болып табылатын сұрақтар да шынайы болып табылады. Осы айтылған сипаттар Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, А.Н. Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Д.В. Эльконин және т.б. еңбектерінде балалардың рөлдік ойындарын зерттейтін психологиялық жұмыстарын сипаттаған [1]. Ал, үлкендердің рөлдік ойындарына байланысты келетін болсақ, психологтарға біріншіден оның қандай жақтары балалардың рөлдік ойындарына ұқсас, екіншіден оның ерекшелігі неден тұратынын анықтап, дәлелдеу керек.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістері қаншалықты көп болса да, топтық дискуссия жүргізу әдісі базалық әдіс болып табылады, өйткені қандай модификацияда болса да барлық әдістерге дерлік кіреді. Мысалы, сабақтар мүмкіншілік болса мөгнітафон лентасына жазылады немесе олардың видео-жазбалары жүзеге асырылады. Бұл дыбыстық және видеожазу тренинг

жүргізуші үшін өзінің дәрісін талдау үшін ғана емес, сонымен қатар, бұл жазбаларды әлеуметтік-психологиялық тренинг қатысушыларымен, топтық дискуссия жүргізу мақсатымен көрсетіліп ескеріледі.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтер контекстінде диагностика үлкен маңызға ие. Бұл жерде психолог тек диагностикалық тапсырманы шешіп қана қоймай сонымен қатар, әрбір қатысушыға бұл тапсырманы басқаның көмегі арқылы дербес шеше алу жағдайын туғызу керек. Яғни, топтың әрбір қатысушысы өзінің жеке мүмкіншіліктерімен нақты коммуникативті жағдайларда кездесетін қиыншылықтарды өз бетінше диагностика жасай алуы тиіс. Осындай өзін-өзі диагностикалау өзгертуге, түзетуге бағытталған кез-келген іс-әрекеттің ең қажетті алғышарты болып табылады.

В.А. Сухомлинский былай дейді: «шынайы тәрбие тек өзін-өзі тәрбиелеу бар жерде ғана, жүзеге асады» [6]. Әлеуметтік-психологиялық тренингке тән берілген диагностикалық мәселенің шешімінің нақты негізгі бағыттарына мыналар кіреді: адамды басқа адамдар қалай көреді, олар оның мінез-құлқын қалай оқиды, интерпретациялайды, қандай мотивтері, ниеті, сезімдері, т.б. жатқызылады. Лауазымды атрибуция процесі яғни, басқа адамның мінез-құлқының себептерін интерпретациялау тұлғааралық қабылдаудың негізгі белгісі болып табылады. Күнделікті қарым-қатынаста серіктес қатысушы адамдардың сыртқы көрінісінің бірдей ақпараты негізінде сол мінез-құлықтың ішкі айнымалары жайында түрлі шешімдер туындайды. Әлеуметтік-психологиялық тренинг оның қатысушыларына бұл процестің мазмұны мен механизмдерін ашып, қай жерлеріне түзетулер керек болса, сол жеріне түзету жұмысын жасауға көмектеседі. Алынған мәліметтер адамға оған сырт адамдардың жатқызатын қасиеттерінің сәйкес келу дәрежесін, осы жағдайда өзінің мінез-құлықтарының себептері және өзінің жеке психологиялық сипаттама-ларының бағасы, сонымен қатар оның басқа адамдар бойынша қандай екендігін елестетулеріне көмектеседі.

Қатысушының өзі жайында үлкейген (өскен) білім спектріндегі маңызды компонент – оның мінез-құлқы қалай әсер ететіндігі, оның ішінде қарым-қатынаста оның қандай да бір көріністері, қандай сезімдер гаммасымен бірге жүретіндігі жайында ойлар болып табылады. Әрбіреуімізде осыған байланысты белгілі бір болжамдар, мүмкін саналанбаған пікірлер бар, ал тренинг топта-рында қатысу арқылы оларды саналап, саралауға арнайы мүмкіндік туады. Оның нәтижесі нақтыланып кеңейтілген білім немесе топтағы белсенді зерттеу объектісіне айналуы мүмкін жаңа психологиялық шындықтың ашылуы болады.

Өзін кең түрдегі объективтендірілген түсінуге жылжудың негізгі алғышарты басқа адамдарды тану болып табылады. Өзінің психикалық қасиеттерін бөліп, бағалау басқа адамды танумен байланысты басқа тұлғаның пікірін білмейінше өзіндегі нәрселерді соңына дейін шынайы анықтай алмайды. Сонымен топтық контекст әлеуметтік психологиялық тренинг өзін тану мәселесін шешуде қажетті органикалық алғышарт болып табылады.

1. Андреева Г.М. Социальная психология. - М.: Аспект Пресс, 1997, 374с.
2. Мурасанов Г.И. Социально-психологический тренинг. - М., 2007
3. Бачков И.В. Основы технологии группового тренинга. Психотехники: Учебное пособие. - М.: Издательство «Ось 89», 2009.
4. Большаков В.Ю. Психотренинг: Социодинамика. Упражнения. Игры. - СПб.: Социально-психологический центр, 2007
5. Захаров В.П. Практические рекомендации по ведению групп социально-психологического тренинга: методические указания. - СПб.: Нева, 2008.
6. Емельянов Ю.Н., Кузьмин Е.С. Теоретические и методические основы социально-психологического тренинга. - Л.: ЛГУ, 1983
7. Globus, G. Dream life, wake life: The human condition through dreams. - Albany, 1991.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жигитбекова Бахыт Дастановна –

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Білім беру психологиясы және әлеуметтік коммуникациялар» кафедрасының аға оқытушысы, психол. ғыл. канд.

Аннотация

Бұл мақалада топтық психологиялық тренингті ұйымдастыру теориясының негізгі мәселесі қарастырылады.

Аннотация

В данной статье рассматривается проблемы теоретические основание организации группового психологического тренинга.

Abstract

The given article is considered the theoretical foundations problems of group psychological trainings organization.

Түйін сөздер: психологиялық тренинг, психогимнастикалық жаттығулар, ойындық өзара әрекеттестіктің өлшемдері, жекешілдік жоспар, мазмұндылық жоспар.

Ключевые слова: психологический тренинг, психогимнастические упражнения, критерии совместной игровой деятельности, личностный план, содержательный план.

Keywords: psychological training, psihogimnastičeskie exercises, Joint criteria for gaming activities, personal plan, comprehensive plan.

Тренингтің түрімен байланыссыз топтық жұмыс жұмысқа қабілеттілікті арттыру жағдайын қалыптастыру кезеңінен басталады, оның негізгі максаты – жұмыстың мазмұндылық бөліміне ауысуға мүмкіндік беретін топтық жағдай, топтың әр мүшесінің арасында жылылық қарым-қатынас орнату болмақ. Бұл кезең кез-келген қарым-қатынас, бірлескен әрекеттердің бастамасындағы байланыс орнату кезеңімен сәйкес келеді. Тренингтік топтың жұмысында жылылық қатынас орнатуға қажетті негізгі шарт – топ мүшелерінің эмоционал-ды еркіндігі, ашықтығы, бірі-біріне деген достастық сезімі, жаттықтырушыға және бір-біріне сенімділігі болып табылады.

Тренингтік топ жұмысының осы кезеңінде орындалатын дәстүрлі іс-әрекеттермен қатар (топ мүшелерінің танысуы немесе бір-бірімен таныс болған жағдайда топпен көрісу, алдағы жұмысқа байланысты, дәріске келген адамдардың бойындағы сенімсіздік пен қорқыныш сезіміне пікірін білдіру, өзіндік пікір білдірудің түрін талдау), әртүрлі психологиялық жаттығулар пайдалануға болады. Топтың жұмысқа қабілеттілігін арттырудың мақсаты ерекше, жұмысты бастау мен оның шешіміне біршама уақыт жұмсалады. Алайда, бұл мақсат жұмыстың басқа да кезеңдерінде де маңызды: тәуліктің бірінші жартысында және шағын үзілістерден кейін, жұмысқа қабілеттілігін жұмылдыруға, назардың деңгейін арттыруға, шаршағанды төмендетуге, эмоциялы жігер беруге бағытталған және т.б. жаттығулар жасау керек болады.

Тренингтік топтың жұмысы барысында әр уақытта екі жақ, екі жоспар: мазмұндылық пен жекешілдік көрініс тауып отырады. Мазмұндылық жоспар тренингтің негізгі мазмұндылық мақсатына сәйкес болады. Ол әсер ету нысаны-ның не болып келуіне: қабілеттіліктер, когнитивті құрылымдар, белгілеулерге – сондай-ақ тренингтің бағдарламасына қарай өзгеріп отырады, мысалы мазмұны креативтік тренингте, әріптестік қатынас тренингінде немесе іскерлік келіссөз-дерді жүргізудің мазмұндары әр түрлі, бірақ әсер ету нысанының деңгейі бірдей – яғни, белгілеулер мен қабілеттілік болмақ.

Жекешілдік жоспар – мазмұндық жоспардағы әрекеттер және топтың әр мүшесінің жағдайы жеке-жеке көрініс табатын жалпы топтық қалып (тренинг-тің кейбір түрлерінде мүшелерінің бұл жағдайы мен қарым-қатынасы топ жұмысының жалпы мазмұнына айналады).

Психогимнастикалық жаттығулардың нәтижесінде жалпы топта және оның әрбір мүшесінің жағдайында өзгерістер байқалуы мүмкін. Сондай-ақ талқылау мен сезінуді қажет ететін деректер алуға болады, ол деректерді талқылау мазмұндылық жоспарды ілгерлетуге септігін тигізуі мүмкін.

Біз «психогимнастика» түсінігінің шартты атау екендігін байқап отырмыз. Бұл түсінікпен өте кең ауқымдағы жаттығулар топтамасын атайды: жазбаша және ауызша, вербальді және вербальді емес жаттығулар. Оларды 2- 3 адамнан құралатын шағын топтарда немесе топтың барлық мүшелерін қатыстыру арқылы өткізуге болады. Қандайда бір арнайы психикалық мінездемеге, мысалы жадын немесе назарға тікелей бағытталған жаттығулар бола алады. Мұндай жаттығулар әртүрлі деңгейдегі психикалық бейнелердің бір мәселесін, бір уайымын бірдей сезінуге жетелейді. Мысалы, топ мүшелеріне қандайда бір жағдайды вербальді түрде кезекпен бейнелеп беруді, яғни жазбаша және ауызша, одан кейін суретін салып, содан кейін қимыл- әрекетпен көрсетулерін ұсынуға болады. Нәтижесінде, сезінудің мүмкіндіктері кеңейеді, бір мәселені қабылдаудың жаңа қырлары ашылады. Сондай-ақ тренинг барысында бір мазмұнда әр түрлі психогимнастикалық жаттығуларды пайдаланғанда, мысалы қозғалмалы сурет салуы мүмкін және т.б., жоғарыда аталған нәтижелер көрініс беруі мүмкін.

Кейде психогимнастикалық жаттығулар деп тек жалпы топтың және оның әр мүшесінің жеке жағдайын өзгертуді мақсат еткен жаттығуларды ғана атайды.

Бұл орынды екенін мойындай отырып, біз тренингтің мазмұндылық мақсатына сәйкес келетін тәжірибе жинақтауға бағытталған жаттығуларды да «психогимнастикалық» деп атаймыз. Бұл жерде біз, тренингте мазмұндылықтан басқа жаттығуларды пайдалануды қолдамаймыз. Мысалы, топ мүшелері шаршаған кезде және оларға эмоциялық күш қажет болған сәтте дене шынықтыру жаттығуларын жасауға болады (бұл жұмыстың бір түрі). Сондай-ақ, топ мүшелеріне орындарынан қозғалмай, «бір» деген санақ кезінде қандайда бір қимыл-әрекет жасауды ұсынуға болады. Барлығы бірдей қимыл-әрекет жасағанға дейін, әрбір келесі санақта қимыл-әрекеттерді өзгертіп тұру тиіс. Мұндай жаттығулардың нәтижесінде, бір жағынан топтың белсенділігі артады, шаршағандығы тарқайды, көңіл-күйі көтеріледі, ал екінші жағынан – топ мүшелері ортақ шешімге қалай жеткендігі және әрқайсысы қандай жол ұстанғанын талқылау арқылы тәжірибе жинақтауға болады. Талқылаулар кезінде туындаған ойлар әріптестік қатынас, іскерлік келісімдер және т.б. тренингтерде пайдалы болмақ.

Оқытуларды жоспарлау кезінде, сонымен қатар, психогимнастикалық жаттығуларды өткізу барысында бірқатар сәттерді ескеру қажет. Олар жаттығуларды дұрыс таңдау, оларды орындау алдында топқа нұсқау беру, дер кезінде тоқтау және нәтижелерді талқылау. Осы мәселелердің әрқайсысына жеке тоқталып өтейік.

Негізгі әдістерінен басқа, қосымша ретінде қолданылатын жұмыс тәсілдері-нің тобы бар. Мұндай қосымша (көмекші) әдістерге көптеген мамандар негізінен психогимнастикалық ойындарды жатқызады, олар шартты түрде келесі топтарға бөлінген:

мақсаты сәйкес эмоциялық жағдай қалыптастыру арқылы қатысушыларды ары қарай жұмысқа мотивациялау мақсатына ие *бой жазушы (бой қызды-рушы)*;

қалыптасқан шиеліністі жағдайды ширату және шаршағандықты тарқату үшін қолданылатын *ширатушы* [1].

Аталмыш салаға қатысты отандық белгілі мамандардың бірі М.Р. Битянова келесіге назар аударады:

«...ӨПТ», нақты тақырыптар және топтық динамикасымен жұмыстардан басқа, тағы бір элемент – *психогимнастикалық жаттығулар* бар. Қатынас тренингінде олар көп жағдайда бағынышты рөл атқарады. Топты қалыпты қолдау үшін бір тақырыптан екіншісіне ауысу кезеңінде ширату ретінде қолданылады. Әдетте, психогимнастикалар ширату кезінде жиі қолданылады. Алайда, ӨПТ оған басымдылық танытпайтындығын тағы да айтып өтеміз. Әрі психогимнастикалық жаттығуларды таңдауда жауапкершілік таныту қажет. Өйткені олардың көбінен төтенше энергияға толы немесе керісінше кейін топ дағдыларды игеруге ауысуына кедергі тудыруы мүмкін өте ауқымды топтық энергия бөлінеді.» [2,3].

Отандық танымал психолог Д.Б. Эльконин рөлдік ойындардың және оның формаларын игерудің тарихи пайда болуы жөніндегі болжамның алғашқы құрастырушысы болған. Ойындық мінез-құлықтың бұған дейін болған

тұжырымдамаларынан өзгешелігі, оның психологиялық ойындарды зерттеуге арналған кітабының басты идеясы. Ойын өзінің жаратылысы бойынша әлеуметті деген ой болды. [4]. Бүгінде отандық көптеген авторлардың тренингтік бағдарламалары осы тұжырымдамаға сүйенеді. Нақтырақ айтсақ, М.Р. Битянова, ойын – бұл «тірі» іс-әрекет деп жазады. Мұндай контексте автор, ойын үйретпейді. Ойын адамды басқа әлемдер мен қарым-қатынастар ойына шомылдыра отырып, ой-өрісін кеңейтетіндігін, оларды ойында тудыру, тандау, құрастыру тәжірибесін беретіндігін атап өтеді. Сонымен бірге, ойындық іс-әрекет және одан жинақтаған тәжірибе өмірде жүзеге асу үшін жеке жұмыс қажет етілетіндігі де айтылады. Автор ойын адам бойында ұзақ уақыт бойында «жетілетіндігіне» назар аударады. Ойынды оқытумен салыстыра отырып, автор ойын оқытпайды, ол адамды тұтастай, баурап алатын бүтіндей іс-әрекет сияқты өзгертеді деген қортындыға келеді.

Сонымен бірге автор тренингте оқыту міндеті ашық қойылатындығын атап өтеді. Бұл жерде ол тренингке И.Вачков және С.Дерябо берген: «Тренингтің мақсаты клиентпен қандай да бір іс-әрекетті игеру болып табылады... Адам бір нәрсені жүзеге асыра алуға қабілеті болу үшін не қажет? Әлбетте ол: 1) қалай жүзеге асыру қажеттігін білуі; 2) оны жүзеге асыруды қалауы 3) оны жүзеге асыра алуы қажет»-деген анықтамамен келіседі. [5].

Отандық басқа мамандар ойындық өзара әрекеттестіктің мүмкіндіктеріне арналған еңбектерінде, ауқымды шолу және талдау жасайды. Адамдардың өміріндегі ойынның маңызды орны оның негізгі белгілері, ойын мен мәдениеттің өзара байланысы екендігін көрсетеді. Бұл жерде, ойын адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің ең табиғи түрі екендігін атап көрсетеді. Нақ осы ойында жеке адам еркін, екпінді және үйлесімді жетіледі. Олар сол себепті әр түрлі деңгейдегі адамдармен: балалармен, ата-аналармен, студенттермен, мамандармен, жетекшілермен және т.с.с. жаттықтырушылық іс-әрекеттің негізгі құралы ретінде ойынды пайдалануға болады деп санайды.

Ойынның негізгі қызметтерін көрсете отырып, аталмыш тәсілдің авторлары, ойын жеке адамды әулеметтендіреді, жетілдіреді және сауықтырады. Ол мәдениетті және барша әлемді бір орнында қозғалыссыз болмауына жол бермеуге бағытталған белсенді бастапқы және тарихтың дамуының себепкері екендігіне айырықша көңіл бөледі.

Бұған сәйкес ойындық іс-әрекетті «бастаудың» бір ізділігі де қарастырылады:

бірінші кезең – көңіл соқтыру;

екінші кезең – нұсқаулық.

Бұған қоса, авторлар табысты ойындық іс-әрекеттің негізгі принциптеріне де ерекше көңіл аударады:

оқиғалылығы;

варианттылығы;

жеке адамдық бейімделулігі;

мақсатқа сәйкестілігі.

Әрине, ойынның ең басты бөлігі – бұл мақсаты. Көптеген авторларының көзқарасынша, ойынның мақсаты туралы сұраққа ойын әлемінің алуандылығы және қайталанбастығы сияқты, әр түрлі және қайталанбайтын жауаптар болады.

Нақтырақ айтсақ, бұл қатысушыларға басқалармен бірігуін сезінуге, адамның бұл әлемде жалғыз еместігін түсінуге көмектесуге ұмтылыс болуы мүмкін. Адамның өз өмірін өзі басқара алатындығын, табысты бола алатындығын түсінуге көмектесу. Қатысушыларға мінездің қандай да бір ережелерін үйрету, қатынас мәдениетін тарату немесе басқаларға қамқорлық көрсетуді үйрету өзі және өзінің мінез-құлқы үшін жауапкершілікті алу, адамды шынайы өмірді зерттеуге, талдауға үйрету, ойлау мен эмоцияны, жалған мен ақиқатты, жақсы-лық пен жауыздықты ажырата біруге үйрету және т.б. ұмтылыс та ойынның мақсаты болуы мүмкін.

Төменде тиімді ойындық өзара әрекеттестіктің өлшемдері келтіріледі:

жоғары эмоциялық;

қатыстылық сезімі;

жанарлардың түйісуі;

ойынның шытырмандылығы;

сөйлеу жылдамдығы оқу жылдамдығына сәйкес;

емін-еркін дене тұрысы;

жоғары дәрежеде жұмыла кірісу;

«жеңіл салмақ»;

«теңбе-тең» тұру;

нұсқаулықтың анықтылығы;

жоғары динамикалық;

ойынның кеңістікке сәйкес болуы;

мәтіннің бет және қол қимылдарына сәйкес болуы;

ойынды қисындық соңына дейін жеткізу;

іс-әрекетке тұрақтандыру;

безендіру, құрал-жабдықтар;

жас мөлшерінің, өткізілетін орынның, уақыттың, оқиғаның адекваттылығы [6].

Оқиғалы-рөлдік ойынның тренингтегі маңыздылығы оның топ қатысушыларының бірінің басынан өткен шынайы оқиғаға сүйенуді, анық нұсқаулықтың жеткіліктілігі, алдын-ала белгіленген рөлдердің, белгілі бір (шамалы болса да) сюжеттің басым болуын білдіретіндігімен байланысты.

Әдетте тренингте, рөлдер: баршаның келісімі бойынша, немесе оқиғасы көпшіліктің уайымының тақырыбына айналған қатысушының пікіріне сәйкес алдын-ала беріледі. Оқиғаны өрбіту процесінде келесі жағдайлар орын алуы мүмкін:

жаттықтырушы орындаушыларға қандай да бір сұрақтар қоя отырып, араласа алады;

бастапқы оқиғаның қайталануы мүмкін: яғни оқиғалар тренингтік шынайылықтың физикалық кеңістігінде, басқаша түрде қайта жүзеге асырылуы мүмкін [6].

Оқиғалы-рөлдік ойындар өмірлік жағдайларға әлеуметтенуге және бейімде-луге мүмкіндік туғызады. Күйзеліс тудыратын ауыртпалықтардың алдын-алуға көмектеседі. Мұндай контексте, оқиғалық-рөлдік ойындардың маңызы

қызметі адам үшін ауыр оқиғаны барынша қауіпсіз психологиялық қарым-қатынаста ойнау. Барлық теріс әсерлерді жеңудің айырықша тәжірибесін игере отырып, тек қайта басынан өткізу (яғни- қайта өмір сүру) ғана емес, сондай-ақ, ойындық қайта жасау талаптарын да, шынайы өмір талаптарында кері әсердегі оқиғаларды жеңе білуге мүмкіндік беру. Іріктеу және талдау жолымен тиімді (тым болмағанда – қолдануға жарайтын) мінез-құлықтық әдеттерді табу мүмкіндігіне негізделетіндігі түсінікті.

1. Вачков И.В. Методы психологического тренинга в школе. Курс лекций //Школьный психолог. 2004. №33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47.
2. Битянова М.Р. Доброе начало // Школьный психолог. 2000. №17
3. Битянова М.Р. Программа и сценарий // Школьный психолог. 2000. №14.
4. Эльконин Д.Б. Психология игры. - М., 1978.
5. Бақыт Дастанқызы. Психологиялық жаттығулар жинағы. - Алматы, 2007.
6. Woodworth R.S. Experimental psychology. - New York, Holt, 2003.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІНЕ ЖАЛПЫ ШОЛУ

Ибашова Мейрамгуль Смағұлқызы – Абай атындағы ҚазҰПУ

Психология ФЗИ ғылыми жұмыстарының инспекторы

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі кездегі психологиялық кеңес берудің әдістері мен тәсілдеріне жалпы шолу жасалады. Психологиялық кеңес берудің кезеңдері қарастырылған, сонымен қатар шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне мән берілген.

Аннотация

В данной статье дается общий обзор методам и способам современного психологического консультирования. Рассматриваются этапы психологического консультирования, а также уделено внимание исследованиям зарубежных ученых.

Annotation

This article provides an overview of the methods and techniques of modern psychological counseling. The stages of psychological counseling are considered, and there also paid attention to the research of foreign scientists.

Түйін сөздер

Кеңес беру кезеңдері, сұхбаттасу, байланыс орнату, бақылау локусы, өз-өзіне диагноз қою, жеке мәселе, сұраныс, кеңес беру уақыты.

Ключевые слова

Этапы консультирования, интервью, установление контакта, локус контроля, самодиагноз, личная проблема, запрос, время консультирования.

Keywords

Stages of counseling, interviews, making contact, locus of control, self-diagnosis, a personal problem, a request, counseling time period.

Адам өмірінің қалтарысы көп. Бұралаң жолда кейбіреулер тығырыққа тіреліп, одан шығудың жолдарын таппай жатады. Осындай сәтте кез келген жан психолог, психотерапевт, тағы басқа мамандардың қызметіне жүгінеді.

Бұл тұрғыда практикалық психологияның бір саласы “Психологиялық кеңес беру пәнінің” рөл зор.

Негізінен кеңес беру психологиясы психологиялық көмек көрсету үрдісін жүйелеп бейнелейтін білімнің бөлімі ретінде қарастырылады. Кеңес беру психологиясы көмек сұрап келушінің арнайы ұйымдасқан қарым-қатынас үрдісінің көмегімен өмірде кездесетін қиын жағдайлардан шығатын жаңа мүмкіндіктерді іздеуді қамтамасыз ететін қосымша психологиялық күш пен қабілетті белсенді етеді.

Психологиялық кеңес беру бірнеше кезеңдерден тұратын үрдіс. Оның кезеңділігі негізгі әдіс – интервью (сұхбат) жүргізу кезінде ескеріледі.

Интервью термині (ағылш. Interview – әңгімелесу, кездесу) психологияда түрліше түсіндіріледі. Жалпы мағынасында интервью – ауызша сұрау арқылы әлеуметтік-психологиялық мәліметті алу тәсілі ретінде қарастырылады. Интер-вьюдің 2 түрі бар: еркін (әңгімелесу тақырыбы және формасы шектелмеген) және стандарттық (формасы жағынан жабық сұрақтары бар анкетаға жақын) [1]. Интервью термині тар әрі бір жақты – біз қарастыратын тақырыпты қамти алмайды. Сондықтан, біз интервью сатыларын емес психологиялық кеңес беру кезеңдерін қарастырамыз.

Көптеген әдебиеттерде әдетте консультативті (кеңес беру) интервьюдің “бес қадамдық” үлгісі көрсетіледі:

1-кезең – контакт орнату және клиенттің іске, жұмысқа бағдарлануы;

2-кезең – клиент туралы мәлімет жинау, “мәселе неде?” деген сұраққа шешім табу;

3-кезең – қалаулы шешімді саналау (саналы түрде сезіну), “сіз неге жеткіңіз келеді?” деген сұраққа жауап табу;

4-кезең – альтернативтік (біріккен) шешімдерді қарастыру (“біз мына жағынан не істей аламыз?”).

5-кезең – психологтың клиентпен арақатынас нәтижелерін резюме форма-сында жалпылауы [1].

Ролло Мэйдің “Психологиялық кеңес беру өнері” атты танымал еңбегінде кеңес беру үрдісі былай нақтыланбағанымен оның кезеңдері жақсы көрінеді.

Р.Мэй былай жазады: “Ал, клиентпен контакт орнады, раппортқа қол жетті, енді кездесудің басты бөлігі басталады – шер таркату, яғни клиенттің бәрін “сыртқа шығара” алатын мүмкіндігі бар кезең... клиент өзінің жан-дүниесінде толып қалған ойларын, мән-жайды толық айтқан соң барып талқылау кезеңі басталады”. Келесі тарауды Р.Мэй былай бастайды: “Кеңес берудің соңғы фазасын қарастырайық – ол тұлғаның трансформациясы, бұл дегеніміз бар үрдістің мақсаты да, аяқталуы да болып табылады” [2]. Енді автор ойын жүйелейтін болсақ, кеңес беру үрдісінің 4 кезеңін құраймыз:

1. Клиентпен контакт орнату (раппорт);

2. Шер тарқату, ашылып айту;
3. Талқылау;
4. Тұлғаның трансформациясы.

Г.Хэмбли көрсеткен кезеңдер де осыған ұқсас: “Кез-келген кеңес берудің алғашқы мақсаты – сенімді қатынас орнату, оны раппорттың пайда болуы немесе екіжақты жақындасу сезімі деп атауға болады. Раппорт орнап болған соң (жақсылап тыңдау, нақты рефлексиялау әдістері арқылы) психологиялық кеңес беру үрдісінде келесі кезең – зерттеу басталады... сенімді қатынас орнатып алып... клиентке өз сезімдерін талдауға және мәселені дұрыс анықтауға мүмкіндік беріп, шынайы жағдайды қарап, мүмкін болатын бағыттарды талқылау...” [3].

Г.Хэмбли мәтінін келесі кезеңдерге жүйелеуге болады:

- 1) Сенімділік қатынасын орнату (раппорттың, тыңдау және рефлексия жолымен жақындық сезімінің пайда болуы);
- 2) Зерттеу (сезімдерді талдау және мәселені анықтау);
- 3) Сәйкес әрекеттер туралы шешім (қорытынды).

1994 жылы II Халықаралық психологиялық қызмет және “Сенім телефонының” конференциясында Л.Гунати рефлексивтік және рефлексивтік емес тыңдау техникаларын [4] “сенім телефоны” жұмысында қолданып көрсеткен болатын. Л.Гунати жұмысынан үзінді келтірейік:

Рефлексивтік емес тыңдау – қарапайым тәсіл, ол әңгімелеушінің сөзіне араласпай үнсіз тыңдай білу болып табылады. Бұл зейін қоюды талап ететін белсенді үрдіс. Жағдайға баланысты кеңес беруші түсіну, мақұлдау және қолдау көрсетуі мүмкін: қысқа фразалар және ымдау арқылы. Кей кездері рефлексивтік емес тыңдау әңгіме жүргізудің жалғыз мүмкіндігі болып қалады. Бұл кезде клиент қатты қозу жағдайында болады да, ол үшін маңыздысы – өзінің толық ашылуы бәрін айтып салуы. “Иә!”, “Ол қалай сонда?”, “Сізді түсінемін”, “Әрине” деген сияқты жауаптар клиенттің еркін түрде сөйлеуіне ықпал жасайды.

Басқа да фразалар арқылы мақұлдау, қызығу, түсінуге тырысқанымызды білдіруге болады: “Жалғастырыңызшы, бұл қызық екен”, “Сіз бір нәрсеге қобалжып тұрсыз ба?”, “Бірнәрсе болды ма?”, “Сіздің дауысыңыз мұңды ғой”, “Сізді есту жағымды”, “Осы туралы тереңірек айтсаңыз”, т.с.с. Басқа жағынан қатынастағы кедергілерді тудыратын да фразалар бар: “Сізге оны кім айтты?”, “Неге олай екен?”, “Осылай жаман болуы мүмкін емес!”, “Тезірек болыңыз”, “Айтыңыз, тыңдап тұрмын”, т.с.с.

Рефлексивтік емес тыңдау қысымдылық жағдайға жатады. Эмоциялық дағдарысқа ұшыраған адамдар кеңесші емес «тыңдаушыны» іздейді.

Рефлексивті тыңдау сөйлеуші үшін объективті кері байланыс болып табылады және естігенді дәл қабылдау. Бұл тәсіл клиент үшін өз сезімдерін толық айтуға көмектеседі. Рефлексивті тыңдау дегеніміз – мәліметтің мағына-сын ашу және олардың нақты мәнін анықтау. Бір сөздің өзі бірнеше мағынаны білдіретін кез болады, сондықтан айтушыны дұрыс түсініп, оның не айтпақ болғанын ұғу керек. Көптеген клиенттер толық ашылу яғни, тақырыпқа

эмоциялық күшпен кірер алдында қиындықтарды сезінеді. Өзіне сенімі аз болған сайын адам басқа тақырыпқа келе алмай ұзақ жүріп алады.

Енді әрбір кеңес беруші білуі керек рефлексивті тыңдау тәсілін қарасты-райық:

Анықтау. Бұл сөйлеушіге нақтылау үшін сұрақтар қою: “Мархабат, мынаны түсіндіріңізші”, “Сіз қалай түсінесіз, мәселе осында ма?”, “Тағы бір рет қайталаңызшы”, “Сіздің не айтқыңыз келгенін мен түсінбедім”, т.б.

Қайта фразалау. Кеңес беруші клиенттің ойын басқа сөздермен қайталайды. Оның мақсаты – сөйлеушінің мәліметін дұрыс түсіну үшін өздігінен басқаша етіп дұрыс қайталау. Бұл кезде кеңес берушінің фразасы былай басталады: “Менің түсінігімше...”, “Мен дұрыс түсінсем, сіз... айттыңыз”, “Сіздің ойыңызша...”, “Сіз осылай ойлайсыз...”, “Егер мен қателессем мені жөндеуіңізге болады, мен былай түсіндім...”, “Басқаша айтқанда, сіз былай санайсыз...”. Қайта фразалау кезінде бізді әңгімелесушінің ұстанымы немесе сезімдері емес, оның ойы мен идеясы қызықтыруы керек. Біреудің ойын өз сөзімізбен айтуды үйренуіміз қажет.

Бейнелеу. Сезімдерді бейнелей отырып, біз сөйлесушінің күйін түсініп, оған оның эмоциялық күйін саналауына көмектесетінімізді білдіреміз. Кіріспе фраза былай болуы мүмкін: “Менің ойымша сіз былай түсінесіз...”, “Сіз өзіңізді... сезінесіз бе?” және т.б. Кей кездері сезім ықпалдылығын ескеру керек: “Сіз біршама (өте қатты, аздап) ашулысыз”.

Резюмелеу. Ұзақ әңгімелесу кезінде әңгіме фрагменттерін мағыналық бірігуге айналдыру мақсатында қолданылады. Резюмелеу – яғни сөйлеушінің негізгі идеялары мен сезімдерін қорытындылау. Фразалар: “Менің түсінуімше сіздің басты ойыңыз...”, “Енді, сіздің айтқаныңызды қорытындыласақ...”, “Сіздің қазір айтқаныңыз, мынаны ... білдіруі мүмкін”. Түрлі көзқарастарды талдау, шиеле-ністерді реттеу және мәселені шешу кезінде резюмелеуге болады [4].

Психотерапия мен кеңес беру кеңес беруші мен клиенттің кездесуінен бұрын басталады. Бәрі клиенттің кеңес беру орталығы немесе нақты бір кеңес беруші туралы мәлімет алуынан өрбиді. Кеңес беру үрдісі клиенттің интраконцепция-сына (“көмек туралы аңыз”) тәуелді деп айтуға болады. Орталықтың аты да, кеңес беру үрдісінің қалай басталатыны белгілі болады. Орталықтың немесе жеке кеңес берушінің имиджі туралы ақпарат өте көп, оған жеке жұмыс арнаймыз.

Ал біз кеңес беру үрдісіне әсер ететін тек сыртқы факторларға тоқталайық (ішкі факторларды – клиент пен кеңес берушіге қатысты жеке факторларды қарастырмаймыз). Сыртқы факторлар мыналар:

- Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы орталықты таныстыру;
- Орталықтың бұрынғы клиенттері тарататын мәлімет;
- Кеңес беруге жазылу реті (жазатын адамдар, олардың әлеуметтік-психологиялық сипаты, белсенді тыңдай білу деңгейі және т.б.);
- Орталықтың орналасқан жері, ғимараттың түрі, ішкі кеңес беру бөлмелері-нің орны, қабырғаның түсі, ыңғайлы жиһаздың болуы;
- Басқа да жоғарғы сыртқы факторлар туралы, мысалы, жыл кезеңі, географиялық орны жайлы айтуға болады.

Енді кеңес беру үрдісінің басталуына, яғни, клиент пен кеңес берушінің тікелей кездесуіне көшейік.

Контакт орнатудың алғашқы сәті визуалды контактіден басталады. Басқа адамның көзіне қарау арқылы адам онымен контактіге түседі десе де болады. Қысқаша көз байланысынан соң сәлемдеме сөз басталады. Егер клиент өзі бірінші бастаса, оған қалай сәлемдескеніне қарай қосылу керек. Ал керісінше болса тек нейтралды түрдегі: “Сәлеметсіз бе, өтіңіз” деп айтқан дұрыс. Ал сіз өзіңіз бастап “Қайырлы күн, мен сізді көргеніме қатты қуаныштымын” десеңіз, “Мен үшін бұл бір бақытсыз күн, ешқандай қуаныш көре алмай тұрмын” деген де жауаптар алуыңыз мүмкін.

Контакт орнату арақатынастың кеңістіктегі ұйымдасу формасына да байла-нысты болады. Г.С. Абрамова былай жазады: “кеңес беру үшін жеке кабинет не болмаса қоршалған кеңістік болуы керек. Оптималды вариант – қатты жарық емес кеңістікте ортасы журнал үстелмен бөлінген (1,5 м қашықтықтағы) екі бірдей креслоның болуы” [1].

Бұл жерде үстелдің сөйлеуші адам денесін қаншалықты жауып тұратыны да маңызды болып есептеледі. Біздің ойымызша үстелдің бір жақ қабырғада тұрғаны әңгімелесушілер үшін кедергі болмайды. Егер орын тар болса, онда тек екі орындық қана қойылса жеткілікті.

Егер клиент өзін бірінші таныстырса бұл жақсы болар еді. Бұл жағдайда ол өзі өзара арақатынасты, өзінің позициясын анықтайды. “Менің атым Алматы Маратұлы” немесе “мені Мирочка деп атаңыз” деген фразалар кеңес берушіні клиент қандай позицияда қабылдайтынын көрсетеді. Кейде клиенттен кеңес беруді қалай атағысы келетінін сұраған жөн. Егер клиент басында үндемесе (ұялса, сасқалақтаса) психолог өзі бастап танысады және клиентке көмектеседі: “Мен сізді тыңдап тұрмын” немесе “Сізді маған әкелген не жағдай?”. “Сізді не мазалайды?“, “Сізге не болды?” деген фраза бағалаушы сипатта болады. Ғылыми терминологияны пайдалану тіпті керек емес, мысалы: “Сіз нені коррекциялайын деп едіңіз?“, “Сізде психологиялық мәселе болып тұр ма?”.

Психолог-кеңес берушінің адекватты сөйлеуі бүкіл кезеңге қатысты. Диалог-ты жүргізу ырғағы мен дауыс тоны да рөл атқарады. Кеңес беруші өзінің мимикасы мен жестикуляциясына мән беруі керек.

Кеңес берудің вербалді емес әрекеттері кеңес беру жағдайына конгруэнтті (сәйкес) болуы керек. Керексіз жерде күлімсіреу немесе үндемей қалу, эмоция-ның болмауы кеңес беру жағдайын бұзуы мүмкін.

Жесттер түрлі болады, әңгімелеушіге қатынастың жағымды немесе жағым-сыз болуын көрсетеді. Мысалы, ашық, жағымды қатынасты көрсететін жесттер: дененің ашық болуы, алақан жоғары қарап тұрса, ал қорғаныс, теріске шығару қатынасын көрсететін: қолды қусырып тұру, басты қолымен сүйеп отыру қимылдары [5].

Нейролингвистикалық бағдарламалауда ыңғайлануға көп көңіл бөлінеді, оның ішінде клиенттің жестіне, дене қимылына, дауыс ырғағына қосылу туралы көп айтылады. Бірақ жесттерді, партнер қимылын жасанды түрде “көшіру” диалогты бұзуы мүмкін екенін ескеру керек.

Контакт пен “жұмыс альянсын” орнатуға эмпатия көмектеседі.

Қазіргі американдық психологтар жұмысында жұмыс альянсы (кейде жұмыстық қатынастар немесе терапиялық альянс деп аталады). Клиент пен кеңес берушінің бірі бірі үшін жұмыс істеу сезімі және бірлесіп мақсатқа жету үшін бағыт бойынша әрекеттенуі ретінде анықталады. Жұмыс альянсы кеңес берудің бастапқы фазаларында 3 компонентке ие болуы керек:

1. Жалпы мақсат;
2. Бірлескен міндеттер;
3. Клиент пен кеңес берушінің арасында жеке контактіні дамыту.

Кеңес берудің бірінші кезеңінде ескерілетін келесі жағдай – бұл алғашқы психодиагностика, оны Р.Мэй “мінезді оқу” деп атайды. Ол былай деп жазады: кеңес берушінің ерекше қасиеті – адамдарға, олардың үміттеріне, қорқыныш-тарына және тұлғалық күйзелістеріне деген сезімталдылығы. Бұл қасиет оның мінезіндегі аздаған болса да өзгерістерді сезінуіне әсер етеді, мысалы: дауыс ырғағы, тұрған тұрысы, бет көріністері, киім және дененің қимылдары [2].

Р.Мэйдің ойы дұрыс. Кеңес берудің бірінші кезеңінде-ақ, алғашқы контактіні орнатқан кезде кеңес беруші зейінді болса, тұлғаның қасиеттері, мотивациясы туралы құнды мәлімет жинай алады. Осы мәселелер туралы әдебиеттерді қарастыруға болады [6].

Қорыта келе, бастапқы кезде клиенттің вербалді түрде берген мәліметінен клиенттің неге келгенін анықтауға болады. Мысал келтірейік: “Мен білемін сіз маған бәрібір көмектесе алмайсыз...”, “Мен тек біреуге айту үшін келдім...”, “Не болып жатқанын білгім келеді...”. Бұл фразалар клиенттің бағдарын білдіреді және келесі кезеңдерде кеңес берудің қалай жүретінін анықтайды.

“Мәселені зерттеу және саналы түрде сезіну” деп шартты түрде атауға болатын екінші кезең салыстырмалы түрде жеке екі үрдіске бөлінеді, ол Р.Мэй-дің “ағынан жарылу және талқылау”, Г.Хэмблидің “тыңдау және рефлексия” деп атағандарына ұқсас.

Шынында да екі кезеңнің бірінші фазасының негізін – клиенттің “ашылуы” құрайды, бұл клиенттің психологиялық кеңес алуға неге келгені туралы, қандай адамдар оны бұл жағдайға әкелу сезімін тудырды, сыртқы адамның көзқарасын, бағасын, қолдауы мен кеңесін керек еткен спонтанды әңгімесі...

В.В. Столинның ойынша клиенттің шағымдарын былайша көрсетуге болады.

1. Шағым локусы, ол былай бөлінеді:

- Субъектілік (кімге шағымданады)
- Объектілік (неге шағымданады).

Субъектілік локус бойынша шағымның 5 негізгі түрі кездеседі:

- а) балаға (оның жүріс-тұрысына, дамуына, денсаулығына...);
- ә) отбасылық жағдайға шағымдану (“отбасымда бәрі жаман, ойдағыдай емес”);
- б) жұбайына (оның жүріс-тұрысына, ерекшеліктеріне) және жұбайлық қатынасқа (өзара түсінушіліктің, махаббаттың болмауына...);
- в) өзіне (өз мінезіне, қабілеттеріне, қасиетіне);
- г) басқа адамдарға, оның ішінде өз отбасында тұратын немесе ата-әжесіне.

Объектілік шағымдарға мыналар жатады:

- а) психосоматикалық шағымдар немесе жүріс-тұрысқа (энурез, корқыныш);
- ә) рөлдік жүріс-тұрысқа, әйелдің, күйеудің, баланың, ененің жүріс-тұрысына шағымдар (жынысқа, жасқа, статусқа сәйкес келмеуі);
- б) психикалық нормаларға сәйкес келмеу (ақыл-ой даму нормасы);
- в) даралық-психикалық ерекшеліктерге (қатты белсенділік, баяулық, “еріксіздік”, эмоцияның болмауы, сенімсіздік, т.б.);
- г) психологиялық жағдайға (байланыстың, жақындықтың, түсінудің болмауы).
- д) объективтік жағдайларға (тұратын орын мәселесі, жұмыс, уақытпен, ажырасумен байланысты мәселелер) [7].

II. Диагностды өзінің қояуы – клиенттің өзі, жалпы отбасы және адами қарым-қатынасы туралы көзқарасына негізделген отбасылық өмірдегі түсініспеушілік-тердің табиғатын түсіндіруі. Көп жағдайда өзіндік диагноз клиенттің бұзылыс-тарға және оның мүмкін болған иесіне деген қатысы көрсетіледі. Көп таралған түрлері мыналар:

- а) “Зұлым ерік-жігер” – бұзылыстардың себепкері болған адамдардың жағымсыз ниеттері немесе бұл адамдардың шындықты түсінбеуін, түсінгісі келмейтінін көрсету;
- ә) “Психикалық аномалия” – адамдарды психикалық ауруларға жатқызу;
- б) “Органикалық ақау” – әңгімеге арқау болатын адамдарды туғаннан ауру етіп суреттеу;
- в) “Генетикалық бағдарламалану” – жүріс-тұрыстағы көріністерді жағымсыз тұқым қуалаушылыққа телу (мысалы, ажырасып кеткен әйелдің баласының бойындағы қылықтарды оның әкесінің тұқымымен байланыстыруы және т.б.);
- г) “Даралық ерекшеліктер” – жүріс-тұрыс ерекшеліктерін тұлғалық бітістер ретінде қабылдау (жағдайлық мотивация емес деп есептеу);
- д) “Өзіндік бұрыс әрекеттер” – өзінің бұрынғы және қазіргі жүріс-тұрысын бағалау;
- е) “Өзіндік тұлғалық кемшіліктер” – күйбелектік, сенімсіздік, енжарлық және солардың нәтижесіндегі бұрыс жүріс-тұрыс;
- ж) “Үшінші адамдардың әсері” – ата-ана, жұбай, ата-әже және т.б.
- з) “Келеңсіз жағдай” – ажырасу, мектептегі шиеленіс, баланың шошуы, шаршау, ауру – өзінің немесе жұбайының.
- и) “Бағыттау” (“мені сізге бағыттады... ары қарай мекеме аты басшы аталады”).

III. Мәселе – бұл клиенттің жаны қалағанымен бірақ өзгерте алмайтынын көрсететін мәселелер:

1. Өзіме сенімсізбін, сенімді болғым келеді (шешім қабылдауда);
2. Қолымнан келмейді, үйренгім келеді (шыдауға, әсер етуге, т.б.);
3. Түсінбеймін, түсінгім келеді (баланы, оның қылықтарын, жұбайымды, ата-ананы, т.б.);
4. Не істеу керектігін білмеймін, білгім келеді (кешіруді, емдеуді, жазалауды);

5. Қолымда жоқ, ие болғым келеді (ерік-жігер, қайраттылық, қабілет);
6. Қалай екенін білемін, бірақ жасай алмаймын, қосымша стимул керек;
7. Өзімнің күшім жетпейді, ситуацияны өзгерткім келеді.

“Бәрі өте нашар, ары қарай өмір сүруге болады” деген мәселелерде кездеседі [7].

Клиенттің мәселесі мен объектілік шағымы локусын ажырата білу керек. Егер адам өзін баласы, жұбайы түсінбейді деп айтса, бұл клиенттің бір нәрсені түсінгісі келетіндігін білдіреді.

IV. Сұраныс – клиенттің кеңес беруден күтетін көмек формасын нақтылау. Мәселе және сұраныс мағынасына байланысты. Мысалы, егер клиент мәселесі: “қолымнан келмейді, үйренгім келеді” болса, сұраныс – “үйретіңізші” болады. Сұраныстың мынандай түрлерін бөлуге болады:

1. Эмоциялық және моральдық қолдауға деген сұраныс (“Менікі дұрыс қой, иә?”, “Мен жақсы адаммын, шын емес пе?”, “Менің шешімім дұрыс қой, иә?”);
2. Талдауға қатысуды сұрау (“Мен бұл жағдайды дұрыс түсінгеніме сенімді емеспін, маған көмектесіңізші”);
3. Ақпарат туралы сұрау (“Бұл туралы не белгілі?”);
4. Дағдыларды үйретуге сұраныс (“Бұл менің қолымнан келмейді, үйретіңізші”);
5. Позицияны қалыптастыруға көмек сұрау (“Егер ол мені алдап жүрсе, не істеу керек?”, “Бұл үшін баланы жазалауға болады ма?”);
6. Отбасы мүшесіне әсер етуді сұрау (“Оған қорқыныштан арылуына көмектесіңізші”, “Оған балалармен араласуды үйренуге көмектесіңізші”), бұл әңгіме болған адам үшін сұрауға жатады;
7. Отбасы мүшесіне, клиенттің өз пайдасы үшін көмектесуді сұрау (“Оны тіл алғыш етіңізші”, “Оны мені сүйіп, сыйлайтындай етіп қойыңызшы”).

Спонтанды түрде айтылған шағым өзінің сюжетіне немесе өмірлік реттілікке ие болады [7].

Айқын және жасырын мазмұндағы шағымдар жоғарыда көрсетілген параметрлер бойынша талданады. Кейде шағымда жасырын түрдегі мазмұн болмайды, ал болған жағдайда ол айқындылыққа сай келмейді. Локустар да сәйкес келмей жатады. Мысалы, шағым локусы – бала және оның жүріс-тұрысы, жасырын мазмұны – тәрбиелеуде белсенділік танытпайтын әкенің позициясы мен жүріс-тұрысы болуы мүмкін.

Өзіндік диагноз бойынша да келіспеушіліктер болуы мүмкін: мәтінде өзіндік дұрыс әрекеттер туралы түсінік жазылып, ал жасырын мазмұнында мимика, жест, интонация, пантомимика бойынша басқа себеп көрінуі мүмкін (мысалы, үшінші адамдардың араласуы).

Сәйкес келмеушілік мәселеге де қатысты болуы мүмкін. Мысалы, “Білмей-мін, білгім келмейді” деп ашық айтылғанмен, жасырын мазмұн: “Қолымнан келмейді, үйренгім келеді” деп тұруы мүмкін. Сұраныста да сәйкессіздік болады. Талдау кезінде сұраныстың айқын мазмұны – көмек “сұрау” – “Ол мені алдап жүрсе не істеуім керек”, ал жасырын мазмұн – өз қызығуын қанағаттан-дыруды сұрайды: “Оны ұстап тұруға көмектесіңіз”.

Ескеретін жайт, жасырын мазмұн – санадан тыс болатын ығыстыру емес, тек толық айтылмай қалған мазмұн. Алғашқы кездесуден-ақ жасырын мазмұнды анығына аударуға тырысу керек (сұрақты дұрыс қою арқылы). Бұл кезде клиенттер реакциясы оң болады.

Жасырын мазмұнға қарағанда шағымның мәтіні саналанбайтын және ығыстырылған болуы мүмкін, оны анықтауды бірден бастау байланысты бұзады. Кеңес беруші тұрғысынан бірінші фаза тындаудан – зейін қойып, эмпатиямен тындаудан тұрады. Өзін ұстай білу кеңес беруші үшін өте маңызды.

Тындап отыру түрлі уақыт аралығында болады (орта есеппен 0-15 минуттан 1 сағатқа дейін). 1 сағатқа дейін үнсіз отыру жараспайды, оның орнына дұрыс әсер беретін айтылуларды “иә, әрине, жарайды, иә” пайдалану керек. Вербалді емес қимылдар да жақсы әсер етеді: басты ию, күлімсіреу, көзбен, мимикамен түсінгенді көрсету, денені алға қарай иіп ұстау, кейбір қимылдарды қайталау.

Екінші кезеңде нақтылау (“Сіз мынаны... айтқыңыз келді ме?”) және қайта айту (“Егер мен дұрыс түсінсем сіздің күйеуіңіз...”) техникалары қолданылады, яғни рефлексивті емес тыңдау, рефлексивті тыңдауға өтіп отырады (тыңдаған-ның мазмұнын бейнелеу: “Сіз бір нәрсеге ... қапаланып тұрсыз ба?”).

Екінші кезеңнің екінші фазасы қысқа болуы мүмкін, егер клиент “ашылу” үрдісі кезінде мәселелік жағдайды өзі анықтап, сұранысты дұрыс қойса және кеңес беруші бұлармен келіскен жағдайда өте қысқа болады. Басқаша айтқанда кеңес беруші клиент бағдарының адекватты екеніне, оның болып жатқан жағдайды дұрыс түсінетініне сенімді болады және тек резюмелеуге көшеді.

Бірақ екінші кезеңнің оңай, тез жүруі жиі кездесе бермейді. Тіпті клиент жадайды шешуге сәйкес түрде бағытталған жағдайда да, терең психотерапия қажет болмайтын кезде де (тұлға дамуындағы өзгерістерге байланысты, кеңес беруге мүмкіндік бермейтін жағымсыз эмоциялық реакция кезінде) клиент өзі ұсынған мәселелік жағдай үлгісінде көптеген қателер барын сезбеуі мүмкін.

Дж.Гриндер және Р.Бэндлер адамдардағы тілді моделдеу үрдісіне әсер ететін механизмдер ретін көрсетеді: генерализация, тастап кету (қалдырып кету), бұрмалау кез-келген мәтінде көп дефектілер кездеседі.

Тастап, қалдырып кету, мысалы, егер клиент кеңес берушіге “Мен қорқамын” деп айтса өз мәліметінің бөлігін қалдырып кетті деген сөз. Гриндер және Бэндлер бойынша, ол өзінің жеке әлемінің бөлігін қалдырып кетті де есептеуге болады. Бұл мысалда толық нұсқа былай болуы мүмкін: “Мен адамдардан қорқамын” немесе “Мен өрмекшіден қорқамын” деген сияқты кестедегі сөйлемдерді салыстырып көрейік:

Кеңес берушілер мен психотерапевттер қалдырып кеткен сөздер кездесетін кездерді ескеріп отыруы керек, ол кезде қалып қойған материалды қайта жөндеуге болады. Қайта жөндеу үшін нақтылау керек. Мысалы соңғы сөйлемді алайық: “Мен түсініксіз адамдарды ұнатпаймын”. Бұған мына сұрақтар тиімді: “Несімен түсініксіз” (кімге түсініксіз, кім үшін).

Бұл туралы керекті әдебиеттерді қарауды ұсынамыз [8].

Генерализация – бастапқы тәжірибе детальдарының жоғалуы арқасында клиент үлгісін өзгертетін үрдіс, мұнда жалпылау үрдісі жүреді. “Әйелім мені сүймейді” деген нақты тәжірибе “әйелдер мені сүймейді” деп жалпыланады.

Мұнда жалпыланған үлгі мен нақты тәжірибе арасында байланыс орнату үшін арнайы сұрақтар қойылады: “Қандай әйелдер?”, “Нақты кім туралы айтып отырсыз?”.

Бұрмалау – мәселелік жағдайды клиент үшін де кеңес беруші үшін де қиындатады. Тілдегі бұрмалау үрдісінің көрінісі – прессуппозициядан көрінеді. Мысалы, клиент: “мен баламды жолдасым сияқты жалқау бола ма деп қорқамын” десе, кеңес беруші нақты жағдай ретінде басқа сөйлемді қабылдауы керек – “Менің күйеуім жалқау” (бірінші сөйлем үстіртін түрде болады да, екіншісі – оның прессуппозициясы болады).

Кеңес беру жағдайында кеңес беруші прессуппозицияны анықтап оны клиентке айтуы мүмкін, оған мынадай сұрақтар қояды: “Жолдасыңыз жалқау-лығын қалай көрсетеді?”.

Егер мәселе мен сұраныс анықталса үшінші кезең – мәселені шешу варианттарын таңдауға көшу сәті келеді.

Үшінші кезеңде болжамдарды таңдау жүреді, оларды бағалайды, альтернативтік шешімдерді салыстыру қарастырылады. Қорытынды шешімдерді қабылдауға кедергі келтіретін ерекше феномендер де кездеседі. Клиентпен мәселені шешудің түрлі варианттарын талқылай отырып, психолог кеңес беруші, өзі үшін “дұрыс шешім”, клиент үшін де сондай болуы шарт еместігін естен шығармауы керек.

Кеңес берушінің кәсіби позициясы туралы мәселе әдебиеттерде қарастырылғанымен, нақты техникалары туралы мәселелер аз.

Сонымен, болжамдар қалай анықталып таңдалады?

Шешім дегеніміз – мәселелік жағдайдың бастапқы белгісіздігін төмендететін ойлау операциясының қалыптасуы. Шешім қабылдау үрдісінде іздеу, шешім қабылдау және жүзеге асыру кезеңдері бөлінеді.

Шешім қабылдау барысындағы адамның жүріс-тұрысы – бастапқы мәселені бірнеше аралық міндеттерге бөлу болып табылады [8].

Жорамалды шығару және таңдау сатыларын біздің кеңес беру тәжірибеміз-ден алынған мысалдармен қарастырайық.

Клиент А. 20 жастағы қыз. Мәселелік ситуацияны былай айтады: “Біз ажырасып кеткенбіз, онымен кездескім келеді, бірақ олай ете алмаймын”.

Бастапқы альтернативтік жорамалдар екеу: біріншісі кездесу, екіншісі кездеспеу. Онда да альтернативаның болуы екінші кезеңнен соң инсайт – шешім қабылдау жағдайы тууына байланысты, мысалы: “Мен бәрін түсіндім, мағын онымен кездесіп, өз сезімдерімді айтуым керек”.

Жорамалды мынандай жағдайда ұсынуға болады, егер де клиент: “Білмеймін, не істеу керек..., түсінбеймін... шеше алар емеспін” деп тұрса ғана талап етіледі. Мұндай жағдайда кеңес беруші қорытындылай және клиенттің айтқанын жалпылай отырып (мысалы: “Менің түсінуім бойынша, сіз қарым-қатынасты онымен қайта құрғыңыз келеді, бірақ осылай істеу дұрыс па деп күмәндана-

сыз”) ғой деп сұрақ қою ы мүмкін: “Егер онымен кездессеңіз не болады? Ал кездеспесеңіз ше?”.

Егер мәселелік ситуация шешімдерінің бастапқы варианттары анық емес болса, клиенттен өзі үшін мүмкін болатын шешім жолдарын атауын сұрауға болады. Басқа мысал: Клиент Б. 40 жастағы әйел. Күйеуімен арақатынас қанағаттандырмайды – дөрекі, ішімдік ішеді, адалдығына күмәнданады. Б. айтады: “Мұндай өмірді тоқтатқым келеді”.

Занды сұрақ туады: “Сіз мұны қалай істей аласыз?”. Клиент ауызша мүмкін болатын варианттарды айта бастайды: ажырасу, ішімдікке қарсы емдеу, күйеуін психологқа әкелу, т.б.

Кейбір мәселелік ситуациялардың бір шешімі болмай, тұтас мәселелік арақатынасқа байланысты болады. Алғашқы жорамалдар басқалармен байланысып жатуы да мүмкін (екінші деңгейлік жорамалдар). Қандай болмасын жора-малды клиент өзіне сәйкес келуіне қатысты бағалайды.

Шешім қабылдау көп параметрлерді қанағаттандыруына байланысты қарастырылады. Бірақ қарапайым мәселенің оңай шешілу жолы көп кездесе бермейді. Клиент оқиғаны басқа арнаға бұрып кетуі мүмкін, онда ол: “жоқ мен ешқандай шешім қабылдай алар емеспін”, “бәрібір бұл көмектеспейді” деп те айтады.

Ойындық бағдардағы клиент: “Мен біліп едім, сіз маған көмектеспедіңіз” немесе “Мен сізсіз де білетінмін” деп айтуы мүмкін, ренттік бағдардағы субъектілер: “Нақты кеңес беріңіз, сіз психолог емессіз бе” дейді.

Егер осы аталған варианттардың бірі кездесе, психолог-кеңес беруші арнайы техникаларды пайдалануы керек, бұл психотерапияға ұқсас болады. Авторлар мұны “конфронтация” (Г.Хэмбли) немесе “тұлғаның трансформациясы” (Р.Мэй) деп атайды.

Егер кеңес беру үрдісі жақсы жүрсе психолог-кеңес беруші және клиент 4-көрытынды кезеңге жетеді.

Бұл кезеңде кеңес беруші клиентпен болған арақатынас нәтижелерін жалпылайды, талқылаудан әрекетке өту жоспарланады. Клиентпен контактіден шығу да өте маңызды. Тәжірибе көрсеткендей бір толық кеңес берушілік цикл кеңес беруші мен клиенттің бір кездесуінде ақ өтуі мүмкін (бір телефондық әңгіме-лесу кезінде немесе хат жазысу арқылы 1-2 хатпен де, дистанттық кеңес беруде).

Кеңес берушілік уақыты әркелкі болады. Мысалы, бір кеңес берушілік әңгіменің ұзақтығы (“сенім телефоны” мәліметтері бойынша) 5 минуттан 6 сағатқа дейін созылады. Оптималды орташа уақыт бойынша кеңес беру 1-1,5 сағат жүреді. Осы уақытта кеңес беру барлық 4 кезеңнен өтеді. Кейде қайталап кеңес берілуі де мүмкін. Бұл мынандай жағдайларда болады:

- а) алғашқы кеңес беруде кеңес берудің тек қана бірінші және екінші кезеңдерге жүргізілсе;
- ә) клиент алғашында шын мәнінде өзін қинап жүрген мәселе туралы айтпай, тек екінші-үшінші кеңес беру кезінде ашылса;
- б) жорамалдарды таңдау ұзақ уақытты қажет етсе немесе басқа мамандардың (сексолог, невропатолог, заңгер т.б.) кеңесі керек болса.

Бұндай жағдайларда қайталап кеңес беру орынды, бұдан басқа да себептер тууы мүмкін:

- а) клиент қасарысып “қарсыласса”;
- ә) клиент кеңес берушімен “ойнайды”, кеңес беруші бұған байқаусыз кіріп, қосылып кетсе;
- б) жағымды ауысу жүрсе (көбіне эротикалық). Клиент кеңес берушіге “жабыса бастайды”;
- в) клиент “шекаралық” жағдайда (немесе нағыз психотик) болса, ал кеңес беруші оған көмектесе аламын деп ойласа. Бұл жағдайларда супервизорлық араласу қажет болады.

Кеңес беруге қалай қорытынды жасауға болады?

Бірінғай үлгі, стандартты фразалар болмайтыны белгілі. Клиентке бірнеше қолдау білдіріп, сергітетін фразалар айтқаны дұрыс: “Сіздің бұған қол жеткізетініңізге сенімдімін”. Кейде мұндай сөздер артық болуы мүмкін.

Тағы да мынандай практикалық сұрақ туындауы мүмкін: клиентпен қалай қоштасуға болады және контактіден қалай шығуға болады?

Кейбір американдық психотерапевттер клиентпен қоштасқан кезде бүкіл психотерапия сеансы түсірілген бейнетаспа сыйлайды. Бірақ біздің кеңес берушілер бұлай істей алмайды, себебі қаржылық жағдай бұған мүмкіндік бермейді. Клиентке “сау болыңыз” деп есікке дейін шығарып салған жеңіл, одан ары шығудың қажеттілігі жоқ. Келесі мәселе, клиент кеңес беру ақылы болғандықтан оған ақша беруі керек, осыны қалай беруге болады және гонорар шамасы қандай? Гонорар шамасы мына жағдайларға сәйкес анықталады: клиенттің әлеуметтік жағдайы; кеңес беруші жұмыс істейтін заңдық форма; аймақтың орташа баға шамасы т.б. кеңес берушіге ақша беру, клиенттің гонорар шамасын өзі анықтай алуы ренттік бағдарға мүмкіндік береді және манипуляция құралы болуы мүмкін. Мұндай мәселеден үшінші адам — диспетчер (кассир) көмегімен шығуға болады.

Кеңес беру біткен соң, клиент кеңес берушіден бөлек кеткеннен кейін қандай мәселелер тууы мүмкін:

1. кеңес берушіге сыйлық алғыстармен қайта оралуы;
2. жағымсыз сезімдермен, кеңес берушіге кінәлау сезімімен оралу;
3. кездейсоқ кездесулер: а) клиент кеңес берушіден қашады, себебі, конфиденциалдылық ашылып қалар деп қорқады; ә) көшеде болса да қайта кеңес алуды ойлайды;
4. кері байланыс алу (телефон шалу, қоңырау).

Кең таралған жағдай – клиенттің қайта оралмауы, өзі туралы хабар бермеуі. Рефлексиялайтын кеңес беруші үшін “жүргізілген кеңес беру клиентке көмек-тесті ме?” деген сұрақ заңды. Кейбір шетелдік авторлар өздері клиенттерінің хабарласуын сұрайды немесе өздері хабарласады. Клиенттердің кеңес берушіге ойламаған жерден хабарласып ашық-хат немесе хат жазып жіберетін кездері де болады.

Кеңес беру процесін талқылауды аяқтай отырып, былай деуге болады: психолог кеңес беруші және психотерапевт әрдайым даму үстінде болуы керек және жүргізілген жұмыстың босқа болмағанына үміттенуі керек.

1. *Абрамова Г.С. Введение в практическую психологию.* - М., 1995.
2. *Мэй Р. Искусство психологического консультирования* - М., 1994.
3. *Хэмбли Г. Телефонная помощь.* - Одесса, 1992.
4. *Атватер И. Я Вас слушаю: Советы руководителю как правильно слушать собеседника.* - М., 1984
5. *Грановская Р.М. Элементы практической психологии.* - Л., 1984.
6. *Пиз А. Язык жестов.* - Воронеж, 1992.
7. *Бэндлер Р., Гриндер Дж. Структура магии.* - СПб., 1993.
8. *Гринсон Р. Техника и практика психоанализа.* - Воронеж, 1994.
9. *Столин В.В., Бодалев А.А. Семья в психологической консультации.* - М., 1989.
10. *Психология: Словарь.* - М., 1993.
11. *Kroger W.S. Clinica and Experimental Hyrnosis in Medicine, Dentistry, and Psychology.* – Philadelphia: Lippincott, 1998.

ANTISMOKING SOCIAL ADVERTISING: AN EXPLORATORY STUDY OF SMOKING-RELATED RISK PERCEPTIONS AND INTENTION TO SMOKE AMONG ADOLESCENTS IN KAZAKHSTAN

Liza Rybina – MBA Assistant Professor KIMEP University

Abstract

The purpose of the current study is to examine the relationship between five specific smoking-related risks and intention to smoke among adolescents in Kazakhstan. The past research on the influence of risk perceptions on smoking behavior is ambiguous and there is lack of studies on perceptions of tobacco-related risks in Central Asia. Thus, the current research tested the relationship between adolescents' intentions to smoke and five specific smoking-related risks, namely addiction, social, health, financial, and time risk. 503 school students aged 10-17 participated in a survey. The findings show significant relationship between intention to smoke and addiction, health, and financial risks. The relationship between intention to smoke and social and time risks was not proven. The results and practical implications for designing effective antismoking advertising are discussed.

Аннотация

Аталмыш зерттеудің максаты Қазақстанда жас өспірімдердің арасында темекі шегу және темекі шегуге деген ниетіне байланысты бес турлі қауіптің ықпалын анықтау. Қазіргі кезде темекі шегуге қарсы жасалынған әлеуметтік жарнамалардың тиімділігі жөнінде және мінез-құлыққа келтіретін қауіпі туралы зерттеулер әртүрлі, ал тематика бойынша зерттеулер Орта Азияда тубімен жоқ. Айтылмыш жұмыс темекі шегу ниеті мен темекі шегумен байланысты қауіптің келесі түрлерінің арасындағы қарым-қатнасын сынықтан өткізеді: тәуелсіз болу қауіпі, әлеуметтік, қаражат қауіпі, денсау-лыққа келетіретін қауіп және уақытты бос өткізу қауіпі. Сауалнамаға 10 мен 17 жас аралығындағы 503 мектеп оқушылары қатысты. Нәтижелер темекі шегу ниеті мен қауіптің үш түрінің арасындағы байланысын растайды: тәуелділік, денсаулық және қаражат қауіпі. Темекі шегу ниеті мен әлеуметтік және уақыт қауіпі арасындағы қарым-қатынас айқындалмады. Жұмыста нәтиженің сараптамасымен темекі шегу-ге қарсы тиімді әлеуметтік жарнаманы дайындау үшін практикалық ұсыныстар келтіріледі.

Аннотация

Целью данного исследования является изучение влияния пяти видов рисков, связанных с курением, на намерение курить среди подростков в Казахстане. Существующие исследования об эффективности антитабачной социальной рекламы и влиянии риска на поведение относительно курения неоднозначны, а исследования по тематике в Средней Азии практически отсутствуют. Данная работа тестирует взаимодействие между намерением курить и следующими видами рисков, связанных с курением: риск стать зависимым, социальный, финансовый риски, риск для здоровья и риск потраченного времени. 503 ученика школ в возрасте от 10 до 17 лет участвовали в анкетировании. Результаты подтверждают связь между намерением курить и тремя видами рисков: зависимости, риска для здоровья и финансового риска. Взаимодействие между намерением курить и социальным и риском времени выявлено не было. В работе приводятся обсуждение результатов и практические рекомендации для разработки эффективной антитабачной социальной рекламы.

Негізгі сөздер: элеуметтік жарнама, денсаулыққа қауіп, темекі шегу

Ключевые слова: социальная реклама, риск для здоровья, курение

Key words: social advertising, health risk, smoking

Introduction

As tobacco companies are going after new markets in their search for revenues, teenagers, especially in developing and emerging economies, became a vulnerable group pressed by tobacco advertising, peer influence, and very often personal desire to try “forbidden fruit”. Teenagers tend to overestimate the benefits of smoking and underestimate the risks associated with smoking. Thus, the purpose of the current study is to examine the relationship between five specific smoking-related risks and intention to smoke among adolescents in Kazakhstan to design effective antismoking advertising campaigns.

The most comprehensive study of the relationship between risk perception and smoking was conducted by Brandon and Baker [1]. Studying positive and negative, immediate and long-term smoking consequences, they developed and tested a multi-dimensional assessment of smoking risk perceptions as a part of their Smoking Consequences Questionnaire (SCQ). Out of the initial set of sixteen categories, namely taste, social facilitation, sensorimotor manipulation, anxiety reduction, dysphoria reduction, anger/irritability reduction, boredom reduction/ stimulation, increased positive affect, work facilitation, cravings reduction, positive physical feelings, social impression, respiratory tract irritation, weight control, health risk, and addiction sustainment, Brandon and Baker identified four factors that define subjective expected utility of smoking. The first factor, Negative Consequences, included eighteen items from the original categories of health risk, respiratory irritation, negative social impression, and addiction sustainment. The second factor, Positive Reinforcement-Sensory Satisfaction, comprised of fifteen items from categories of social facilitation, taste, sensorimotor manipulation, boredom reduction/ stimulation, craving reduction, increased positive affect, and anger/irritability reduction. The third factor, Negative Reinforcement - Negative Affect Reduction,

included twelve items from original categories of anxiety reduction, anger/irritability reduction, depression reduction, and work facilitation. The last factor consisted of five items dealing with appetite and weight control. The original fifty-item and short forms of the Smoking Consequences Questionnaire were commonly used to study outcome expectancies of smoking [2, 3, 4, 5, 6, 7]. However, the study of Brandon and Baker [1] and similar researches have not examined individual dimensions of the Negative Consequences measure, such as health, addiction, social risks. The fact that the four factors of the Smoking Consequences Questionnaire are derived from sixteen original categories with overlapping items poses difficulties in applying the SCQ to develop effective antismoking interventions. Moreover, research on risk perceptions of adolescents and young adults suggests that factors governing smoking initiation and other risky behaviors in this age group differ from those responsible for development and maintenance of unhealthy behavior of older individuals [1, 8, 9]. High school and college students are at risk of escalated smoking. College years can be viewed as a transition from low-level occasional smoking to either abstinence or heavy use smoking. In addition to the Smoking Consequences Questionnaire, a variety of other methods was used to examine the relationship between perceived risk and smoking behavior. The most common type of the smoking-related risk explored in the literature is health risk [10, 11, 12, 13, 14]. However, these studies report ambiguous results on the health risks perceptions. Research shows that some smokers exhibit unrealistic optimism by underestimating their relative chances of experiencing disease, thus health risk perception alone is a poor predictor of smoking behavior [12, 15]. The other types of smoking-related risks explored in literature are addiction, social, financial, and time risks [16, 17].

Specific smoking -related risks

Rindfleisch and Crockett [18] examined five specific smoking -related risks: addiction, health, social, financial, and time risk. In the study of 292 college students aged 18-25, they found that smokers have lower perceptions of all five types of risks than nonsmokers do, but only perceived addiction and financial risks are related significantly to the current smoking status, while health, social, and time risks are not. The Rindfleisch and Crockett's finding that health risk is unrelated to the current smoking status confirms the results of other studies that health risk messages have little or no impact on youth's smoking behavior [17]. Furthermore, Wolburg [19] reports smokers' boomerang responses including denial, defiance, and desire for retaliation to antismoking health messages. The ineffectiveness of health risk messages among youth can be attributed to optimism biases in risk perception. Even if the majority of young people are informed about the risks of smoking, a robust finding in social psychology shows that people are "unrealistically optimistic" in their judgments of risk concerning future life events. Numerous studies confirm that individuals tend to believe they are less likely than the average person to experience negative events and more likely to experience positive events [20, 21, 22, 23, 24, 25, 26]. Unrealistic optimism is embedded in the research pertaining smoking-related risks [11, 12, 27, 28, 29, 30]. While many studies report that smokers perceive

smoking as less dangerous than do nonsmokers, a limited number provide evidence that smokers underestimate their own risk of tobacco-related diseases [15] and considerably less research is undertaken about the magnitude, mechanisms, and moderators of an optimistic bias. As the past research on the influence of risk perceptions on smoking behavior is ambiguous and there is lack of studies on perceptions of tobacco-related risks in Central Asia, the current study examines five specific types of risks and their influence on attitudes to smoking among youth in Kazakhstan.

Based on the literature, the following hypotheses are stated for this study:

- H1: The perception of addiction risk is related to smoking intention of adolescents
- H2: The perception of social risk is related to smoking intention of adolescents
- H3: The perception of financial risk is related to smoking intention of adolescents
- H4: The perception of health risk is related to smoking intention of adolescents
- H5: The perception of time risk is related to smoking intention of adolescents

Methodology

The target sample units for this study are adolescents. Among ten schools approached with a proposal to conduct a survey among their students, five (three public and two private) expressed strong interest and support in data collection process. The researcher was visiting classes along with a representative from the school and explaining to the students the procedure of filling out questionnaires. The students from the classes taught in Kazakh language were provided with translation assistance. After cleaning data, the final sample consisted of 503 school students (59% female, 41% male). The age ranged from 12 to 17 years old. 45% of the sample population has high academic performance and 22% below the average. Construct measures for this research were derived from existing literature [18, 32]. Intention to smoke was measured by four items: “In the future, do you think you might smoke one puff or more of a cigarette?”; “Do you think you might try out cigarette smoking for a while?”; “At any time during the next year, do you think you will smoke a cigarette?”; and “If your best friend offered you a cigarette, would you smoke it?” Questions about specific smoking -related risks were stated using a third person. Students were asked to evaluate the risk of a smoker - “An unmarried 20 -year-old college student. He (She) has been smoking one pack of cigarettes a day for the past two years. He (She) plans to quit smoking "sometime", but does not know exactly when. He (She) is currently not experiencing any health problems”. Seven-point Likert-type scales were utilized for the individual scales to measure the constructs. The survey contained demographic questions as well. Reliability of the scales was established using Cronbach’s Alpha (see Table 1). All alpha values are higher than 0.6.

Table 1. Constructs and reliability measures

Constructs	Reliability
Intention to smoke (INT) In the future, do you think you might smoke one puff or more of a cigarette?	0.871

Осылайша, адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін – сөйлеу деп атайды. Сөйлеуге адамның анатомиялық мүшелері қатысады, алайда ол адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне тығыз байланысты. Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты. Тілдік амалдар – сөз тудыру, сөйлем құрау ережелері. Олар – көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Соның нәтижесінде тіл – жұрттың бәріне бірдей түсінікті қатынас құралы. Сөйлеу сол құралдың нақты қолданыста көрінетін түрі болып табылады [3].

Сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл дәлдігі нормаларымен қатар сөз болған тіл анықтығына, тіл көрнектілігіне мән берсек, «талғау қоятын шарттардың» [2] негізі адамның танымдық әрекетінен бастау алатыны байқалады. Мысалы, айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын ойын анық танитын болуы керек, деген тұжырым тіл мен таным арасындағы нақтылау қызметін сұрыптауға негізделген, яғни адам нақты көріп-білген, сезген нәрсені ғана тілмен нақты жеткізе алады.

С.Аманжоловтың [4] да тілтанымдық зерттеулері лингвистикалық талдаулар-дың өзгеше амалын құрайды, себебі автор тілдік құралдар табиғатын анықтауда құрылымдық факторды адамның ішкі **ойлау, қабылдау, тану** мүмкіндіктері-мен, сыртқы қоғамдық-мәдени негіздермен шебер сабақтастыра білді. Ол «тіл – амал, құрал, оның арқасында адам **бірімен-бірі қарым-қатынасқа** енеді, пікір алысады және бірін-бірі түсініседі. Тіл ойлаумен тікелей байланысты болған-дықтан, сөзді және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркеп отырады. Адамның дүние танудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылы-сында тіркеледі, сөйтіп зерттеуші «адам қоғамында пікір алысуға мүмкіндік жасайды» [4],- дей отырып, сөз, сөйлем, сөйлем мүшелері сынды бірліктердің әрқайсысын экстратанымдық аспектіде талдап көрсете келе, тіл мен сөйлеу нормаларының танымдық негізде тоғысуына назар аударды. Тіл мен ойлаудың байланысына айрықша мән берген С.Аманжолов сөздер мен сөйлемдер құрылысын “адамның дүние тану жетістіктерінен” өрбітті, сол арқылы тілдің функционалды-семантикалық ерекшелігін, қоғамдық сипатын, адамзат табиға-тымен сабақтасқан болмысын айқындап берді. “Сөйлеу процесіндегі сөздің ерекшелігі – ол объективтік шындыққа, өмірге байланысты ұғымдарды сананың қабылдауы нәтижесінде ойды бейнелейді.

«Адам баласының ой-өрісі қаншама кеңейсе, соншама ойын беру жолы

көбейіп, әр түрлі құрал іздейді, көркем әдебиет, өнер осындай жолдарының көптігімен өз алды өнер, өз алды білім саналады» [4] деп тұжырымдаған ғалым сөйлеу де, ойға сай айтылған сөйлем дегеніміздің өзі де «ойдың сәулесі, бейнесі, суреті ғана» екеніне мән берді. «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсына» енген бұл анықтамалар тілдік бірліктерді тек құрылымдық элементтер ретінде ғана емес, жалпы адамзат дамуының психофизиологиялық, психологиялық, әлеуметтік белгілері қатарында анықтау қажеттігімен нақтыланды. Ғалым «...сөйлемді толық тану үшін, оның қандай ойлау сатысын-да екенін білу керек»[4] дей келе, құрылымдық типология ұстанымдарын танымдық типология негіздерімен байланыстыра сипаттады. Тілдің құрылым-дық саласын адамзат болмысының ойлай алу қабілетімен байланыстырған автор алғашқылар қатарында лингвистикалық типология ұстанымдарын синтаксис мәселелерін шешуде шебер пайдалана білді. Ол «...сөйлем дегеніміз – ойдың жүзеге шығуы, екінші сөзбен айтқанда, оның идеядағы затқа айналуы. Ойдың суреті болған сөйлем де неше түрлі болып келетіні бізге тәжірибеден айқын көрінеді» [4] деген ойының дәлелін сөйлем түрлерін талдап айқындау арқылы дәйектеді, соның негізінде сөйлемнің тарихи дамуын «ойлау сатысының» қалыптасуымен қатар қарастыру керектігін өзектеді. Сонымен қатар автор «...сөйлемнің айтылуы көп қолданылатын жері – көпшілік ортасы, ең кемі екі кісінің басы қосылған жер» [4], - дей отырып, тілдік қатынастың негізін оның **психологиялық ерекшеліктерімен** сабақтастыра талдады.

«Айтылған сөз, сөйлем ойдың көрінісі, суреті болғандықтан, сөздер, сөйлем-дер адамның ой-санасының тарихын, ізін, жолын көрсететін деректер» [4] деген тұжырым негізінде ғалым тілдің сатылы дамуын танымның сатылы қалыпта-суымен сабақтастыра отырып, тың лингвистикалық бағытты өзектеумен қатар, адамның ой-санасының өзгешелігін сұрыптауға, оның білім мен тәжірибелік жолын зерделеуге әрі «сана көріністерін» айқындауға мүмкіндік берді.

Қазақ тілтанымының іргетасын қалауға атсалысқан С.Аманжолов зерттеу-лері, шын мәнінде, терең пәлсапалық түйіндерден, тарихи фактілерге, адамзат қоғамының негізгі заңдылықтарына негізделген деректерден, өзгеше пайым-түсініктерден жинақталған тұжырымдар қатарын құраы сөзсіз. «Мындаған жыл өмір сүрген адам баласының дүние тануына үнемі қызмет еткен тілді» [4] маңызды тілдік талдауларының өзегіне айналдырған ғалым оның этникалық, мәдени, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін диалектикалық таным ұстанымдарымен сұрыптады, сондықтан ол «адам баласының ұзақ өмірін-дегі...жасаған тәжірибелерін», «ойлауының ұзақ уақыт абстракциялануы арқасында топшылғанған жегістіктерін» ескеру қажеттігіне өзгеше зейін қойды. С.Аманжолов тілді «ойдан құралып, мидың талқысынан шыққан абстракт зат» [4], - деп сипаттай келе, тіл мен таным ұғымдарының ажырамас одағын айқындады, сол арқылы аса құнды тілтанымдық қорытындылар жасады.

Тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де орасан қажет тәсіл – құбылту, немесе троп (грекше *tropos*-иін, иірім) – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айту әдісі метафора [5] деп аталады.

Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Тілдің дәстүрлі теориясында метафора ойдың емес, тілдің ғана құбылысы деп танылып келді. Осы орайда, бүгінгі күні метафора танымдық құрылғы ретінде ғана емес, абстрактылы ұғымдарды нақтылауға көмектесетін құрал есебінде қарастырылып, қоршаған әлемді танудың, ол туралы тұжырымдаудың нақты көрінісі, амал-тәсілі тұрғысынан сипатталып отыр. Сондықтан тілшілер когнитивтік метафораның шығу тегін адамдардың әр түрлі тұлғалар мен объектілер арасындағы ұқсастықтарды құрастыра білу қабілетінен өрбітеді. Бұл ұғым бір объектінің екінші объект арқылы сипатталуымен ерекшеленетіндіктен, ғалымдар оны жекеленген құбылыстар табиғатынан гөрі күрделі ой кеңістігіне сәйкестендіре зерделейді, олар танымдық үдерісте орын алатын ой-қорытындылар метафора арқылы бір-бірімен байланысқа түсе келе, нақты және абстрактылы бірліктердің үйлесу заңдылықтарын саралауға септігін тигізеді, деп пайымдайды.

Демек, ойлау жүйесіне құрылған метафораның танымдық қызметін өзектеу-мен қатар, қазіргі тіл ғылымында оны абстрактылы тұжырымдарды саналы түрде қабылдаудың тәсілі, абстрактылы ойлауға мүмкіндік беретін механизм ретінде [5] қарастыру керектігіне өзгеше мән берілуде. Сол себепті Дж.Лакофф пен М.Джонсонның авторлық бірігуімен дүниеге келген еңбекте «Адам ойлайтын, әрекет ететін жүйе табиғатынан метафоралық күйде болатындықтан, метафоралық таным адамның күнделікті өмірінде тек тілге ғана емес, оның ойы мен әрекетіне де әсер етіп, толығымен кірігіп кеткен» [5] деп айтылған.

Тіл қоғам тарихының барлық дәуірінде де оның күресі мен дамуының құралы, рухани өмірінің, бүкіл мәдениетінің тұтқасы болып келеді. Қоғамдық ой-сана, дүниетаным тіл арқылы ғана қалыптасып, тіл арқылы ғана жарыққа шығады [6]. Тіл – адам баласын қазіргі прогреске жеткізген ұлы да бірегей туынды. Осы себептермен де сөйлеу мәдениетіне жету, тілді дұрыс та тиімді және шебер де тартымы пайдалана білу талабы көне замандардың өзінде-ақ басталған.

Осылайша, тіл ұстартқан халқымыз тіл өнерін мәпелей отыра, сөз қадірін түсіретін, оған жауапсыз қарайтын, сөз мәнін білмейтіндерге жирене қарап, оладың атына ащы да өткір сын білдірген. «Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен», «шіріген ауыздан іріген сөз шығарған» деген сияқты мақал-мәтелге айналып, мірдің оғындай өткір де ащы мысқылдарды тілді бұзушыларға, сөз жүйесін білмейтіндерге қарсы айтқан.

Қазақ халқы тіл, сөз мәселесіне қатысты жоғарыда айтылған олқылықтарға жол бермеуге тырысып, қашанда тіл тазалығына, сөйлеу шеберлігіне ерекше мән берген. Қазіргі кезде де халқымыз сөз өнерін аса жоғары «Өнер алды- қызыл тіл» деп бағалап, сонымен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесін күннен күнге арттырып, оны көпшіліктің қолдануына қол жеткізуге және насихаттауға байланысты арнайы жұмыстар атқаруда.

Қорыта айтқанда, адамдар өздерінің өмірлік серігі, бүкіл тіршілігінің құралы, рухани өмірінің айнасы болып саналатын өз тіліне, оның тағдырына бейтарап

карамай, оны қызғыштай қорғап, сақтап қалуға тырысуы қажет. Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам, алдымен, тіл мәдениетін, жазу, сөйлеу өнерін дұрыс жолға қою, оны үздіксіз жетілдіре беру талабынан басталады. Сондықтан, қазіргі кезде қазақ халқының сөз өнерін дамытуға байланысты ізгі жұмыстарды мектеп табалдырығынан, әсіресе бастауыш сыныптардан бастаған ең тиімді жол деп санаймыз. Сонымен қатар тіл дамыту жұмыстарын нәтижелі атқару үшін, мемлекет тарапынан аталған сала бойынша оқыту сағаттардың санын арттыру қажеттігін қазіргі сұраныстарға сай аса маңызды іс деп білеміз.

1. *Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.* - 2011
2. *Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш (1926) // 5 томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Алаш, 2003. - 408 б.*
3. *Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: "Сөздік-Словарь", 2005.*
4. *С.Аманжолов және қазақ фольклоры: зерттеулер, фольклор материалдары. - Алматы: Ғылым, 2004. - 334 б.*
5. *Lakoff G. The contemporary theory of metaphor // Metaphor and thought. Second edition. / Ed-d by Ortony A. – N.Y. Cambridge University Press, 1993. – P. 202-251.*
6. *Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность – М.: URSS, КомКнига, 2005. – 216 с.*

ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТІНДЕГІ КӘСІБИ СТРЕСТІК КҮЙЛЕР

Қуанжанова Құндыз Түгелбайқызы

Аннотация

Аталған мақалада стресс, стрессор, депрессия ұғымдарына анықтамалар беріліп, стрестің физиологиялық, эмоционалық, танымдық, мінез-құлықтық, психологиялық симптомдары сипатталған. Оқытушылардың кәсіби әрекетімен байланысты кәсіби стрестің түрлері және себептері анықталып, стресті алдын алуға байланысты шаралар-дың үсынылған.

Аннотация

В статье даны определения терминам стресс, стрессор, депрессия и охарактеризованы физиологические, эмоциональные, познавательные, поведенческие, психологические симптомы стресса. Определены виды и причины профессионального стресса связанные с профессиональной деятельностью преподавателя, также предложены пути по предотвращению стресса.

Abstract

The article gives the definitions of stress, stressor, depression and characterizes physiological, emotional, show pleasing, behavioral and psychological symptoms of stress. he types and causes of professional stress. which is related to professional activity of a teacher. The ways to prevent stress are also offered.

Түйін сөздер: стресс, стрессор, дистресс, ақпараттық стресс, эмоционалдық стресс, коммуникативті стресс.

Ключевые слова: стресс, стрессор, дистресс, информационный стресс, эмоциональный стресс, коммуникативный стресс.

Keywords: stress, stressor, distress, informational stress, emotional stress, communicative stress.

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, жұмыссыздықтың өршуі, отбасылық қатынастардың тұрақсыздануы, зорлық-зомбылықтың жүгенсіз насихатталуы, қоғамның жүйкесіне әсерін тигізіп, адамдар арасында әртүрлі аурулардың белең алуын үдете түсуде. Бұл өз кезегінде адамдарда мазасыздану, стресс, күйзеліс, дағдарыс секілді эмоционалдық күйлерді тудыруда. Әсіресе, аталған күйлердің ішінде әлемдік психология ғылымы мен практикасында, физиологияда, медицинада, басқару ғылымдары мен демография, политологияда, тіпті өндірістік саласында өріс алған мәселелердің бірі – стресс мәселесі әлі де өзінің өзектілігін жоғалтпай отыр.

Мұның бәрі қазіргі адамзаттың кәсіби, жеке өмірінде жиі туындайтын қиын жағдайлармен тікелей байланысты, яғни тұлға өзінде қалыптасқан энергиясын (стрестің физиологиялық механизмінен туындаған) толыққанды іске асыра алмай, содан бұл энергия жеке тұлғаның өзіне кері әсерін тигізіп, нәтижесінде адамда дистресс, депрессивті күйлер қалыптасуда.

Стрестің және дистрестің қалыптасуының ғылыми теориясына келсек, бұл ұғымдарды алғаш ғылымға енгізген канадалық физиолог Г.Селье (1936 жыл) «Бүкіл ауру стрестен!» деген стрестің универсалды формуласын ұсынған болатын. Ол: «стресс – өмірдің тек жағымсыз жағдайы емес, ол қандай да болсын жағдайға ағзаның стереотиптік, филогенетикалық қорғаныштық, бейім-делушілік реакциясы» - деген [1,2].

Стресс (stress – «қысым» деген мағынаны береді) термині ағылшын тілінен аударғанда түрлі экстремалды әсерлерге организмнің жауап беру реакциясы деген мағына береді [3].

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «стресс» термині кемінде үш мағынасында түсіндіріліп отыр. Біріншіден, стресс, адамның мазасыздығы мен қозуына әкелетін сыртқы стимулдар мен жағдайлар деп анықталады. Бұл мағынасында көбіне «стрессор (стрессор – күресу немес қашу реакциясына сәйкес әрекетте-нуге алып келетін стимул болып табылады)», «стресс-фактор» терминдері қолданылады. Екіншіден, стресті субьективті реакцияға жатқызуға болады, бұл мағынасында ол мазасыздану мен қозудың ішкі психикалық күйін бейнелейді: бұл күйлер эмоция, адамның өзінде болып жатқан жеңу процесі мен қорғаныс реакциясы болып интерпритациялануда. Мұндай процестер қызмет ету жүйеле-рінің қарқынды дамуына, сонымен қатар, психикалық мазасызданудың пайда болуына түрткі болуы мүмкін. Соңғысы, стресс алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін және қауіпті әсерлерге организмнің физикалық реакциясы ретінде орын алады [4,5,6].

“Стресс” сөзінің көмігімен біз әдетте, өзіміздің қателіктерімізді немесе қиыншылық кездегі адекватсыз қылықтарымызды, күрделі эмоционалды реакцияларымызды, сонымен қатар әлсіреу, шаршау тіпті, ауруды сезінуде пайда болатын күйлерімізді түсіндіреміз. Бір таңқаларлығы, осындай қысқа термин қазіргі стрессті зерттеушілердің назарын аударған үш негізгі аспектіде бейнеленеді: (1) стресс адамның мінез-қылығын өзгертуіне және қосымша күшті талап ететін жағдай немесе оған сай келетін қауіп-қатер факторы ретінде; (2) стресс, тұтас спецификалық физиологиялық және психологиялық көріністі

қосатын күй ретінде; (3) стресс, адамның денсаулығын және жұмысқа қабілетін бұзатын қатты қайғырулардың жағымсыз кейінге қалдырылған салдары ретінде [7].

Стрестің көптеген түрлерін атап өтуге болады: созылмалы, физиологиялық, ақпараттық, психологиялық, тұлға аралық, тұлға ішілік, жанұялық, қоғамдық, қаржылық, экологиялық және кәсіби стресс т.б.

Стрестің симптомдарын төмендегідей төрт топқа бөлуде:

Физиологиялық симптомдары: тері бөртелерінің көбеюі; бас аурулары; жүректің айнуы; диарея; бұлшықеттердің қысымы; терең және тыныс алудың жиілігі; пульстің тез соғуы; артериалды қысымның жоғарылауы.

Эмоционалды симптомдары: ауырлықты сезіну; шашыраңқылығы; дүрбелен салу; қорқыншы; сенімсіздік; үрей; депрессия; көңіл-күйдің болмауы; қозғышты.

Танымдық (интеллектуалды) симптомдары: басқалармен өзін салыстыру, өзін төмен бағалау; өзінің немесе басқалардың өткен сессияда өтпей қалған сәттерін еске түсіру; экзамендегі жағымсыз мүмкін болатын салдарларды еске түсіру; қорқыншыты түстер; ойлаудың нашарлауы; зейіннің концентрациялық қабілетінің төмендеуі.

Мінез - құлықтық симптомдары: қажет емес басқа істермен шұғылдануға ұмтылу; жұмысты еске салатын нәрселерден қашу; кофейн және алкогольдік ішімдіктерді қолдану; ұйқының, тәбеттің нашарлауы [7].

Адамның стресс күйін кешіп жатқанын білдіретін **психологиялық белгілері:**

Эмоционалды белгілері: мазасыздану, көңіл-күйдің түсуі, үнемі жылауға дайын болу, бәріне салғырт қарау, тез шаршау, өзін қамқорсыз сезіну.

Депрессия: Әдетте депрессия кезінде адамдар ашушаң, агрессивті, ұсақ-түйек нәрсеге мазасызданады. Стрестік жағдай уақытында кейбір өмір аспектілерін бақылай алмай жатады. Организмнің физиологиялық күйі және мінез-құлықтың өзгеруі бірнеше есеге өседі.

Тәртіпсіздік: Стресс адам зейінін минимумға дейін апарып, жағдайды бақылай алмайтын күйге апаратыны анық. Нәтижесінде қате шешімдер қабылдау, шашыранқылық пайда болады.

Қорғаныстық: Осындай сигналдың пайда болуы адамға «күшті болу» адекватсыз талаптарды бейнелендіреді.

Өзі шешім қабылдай алмау: Кейбір адамдар стресс күйінде өздерінің қызметтерін орындауға тым көп күш жұмсап жатады [8].

Қоғамның осы мәселені шеше алмауы адамды тек толыққанды маман ретінде ғана емес, сонымен қатар толыққанды жеке тұлға болып сезінуіне жол аша алмай отыр.

Психологиялық әдебиеттерде еңбек саласындағы стрестің түріне байланысты бірнеше түсініктер қолданылып келеді: еңбек стресі, жұмыс стресі, кәсіби стресс, ұйымдастырушылық стресс және т.б. Жұмыс және еңбек стресі түсінік-тері көп жағдайда нақты субъектінің еңбек әрекетінің сипатымен байланысты, ал ұйымдастырушылық стресс түсінігі ұйымдағы еңбек ұжымының мінез-құлық ерекшеліктерімен байланысты түсіндірілуде.

Стрестің пайда болу көздері мен туындайтын факторларын ескере отырып, Н.В. Самоукина кәсіби стрестің негізгі түрлерін бөліп көрсеткен:

1. Ақпараттық стресс уақыттың қатаң қадағалану және жоғары деңгейлі жауапкершілікті тапсырманың жүктелуімен байланысты. Көбінесе ақпараттық стресс жағдайдың анықсыздығынан (жағдай туралы ақпараттың аздығынан) және ақпарат параметрлерінің тез ауысуынан туындайды;

2. Эмоционалдық стресс шынайы немесе болжамалы қауіпсіздіктен туын-дайды (орындалмаған жұмыс үшін, әріптестерімен қатынасы үшін кінәлілік сезімі, т.б.). Көбінесе мамандығына байланысты жұмысшының құндылықтары мен ойлары бұзылады;

3. Коммуникативті стресс іскерлік қарым-қатынастың шынайы мәселелері-мен байланысты. Ол конфликтілік дәрежесінің жоғарылығынан, өзін-өзі басқара алмау қабілетсіздігінен, қандай да бір жағдайға келіспеуін әдепті білдіре алмауынан, манипулятивті әсерлерден қорғана алмауынан туындайды; Коммуникативті кәсіби стрестің негізгі көріністері: іскерлік қарым-қатынастағы күйгелектік; өзінің жұмысымен қанағаттанбауы, қорқуы; коммуникативті агрессия (негізгі себебі – бақталасын кеміту мақсатында айқайлау), вербальды (сөздік), жанама (көмектесуден бас тарту, жалған сөйлеу, қорқыту, ұрыну, сездіру, т.б.); жағдайлық; басқаға бағытталған (басқаға жала жабу) немесе өзіне бағытталған (өзін кінәлау).

4. Жетістікке жету стресі кәсіби стрестің арасындағы ең қызығушылық танытатын түрі. Оның басты мәселесі – адамның шынайы мүмкіндіктерінің оның күтетін үмітімен сәйкес келмеуі;

5. Қателік жасаудан туындайтын стресс. Ол мынадай екі тенденциямен тығыз байланысты: 1) Іштей тек жетістікке бағытталуы; 2) Қателік жасауға тыйым салыну не жазалау санкциялары.

Қателіктерден қорқу адамның шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік бермейді, содан келіп ол барлық жаңадан және тәуекелділіктен бас тарта бастайды, соңында адам кейде «өмір сүруден» қорқа бастайды.

6. Жұмыстағы стрестің ең көп таралған түрі - бәсекелестік стресс. Мұнда адам айналасындағылардың бәрін, әріптестерін «бәсекелес» деп санайды, «бәсекелестік майданда өмір сүретін адамдар» ретінде танылады.

7. Ақша табу мәселесіне байланысты стресс: Қомақты ақшаға үйренген адам ақшаны көп тапқан сайын сыйлай түседі, көбіне сыйақы, ұтыс деп өмірін сарп етеді және барлығын «сатылады, сатып алынады» деп есептейді, бірақ бұл – жеке тұлғалық деградациялық негіз.

Кәсіби стресс әсіресе, «адам-адам» саласымен байланысты жұмыс жасайтын мамандар үшін стрестің ең көп тараған мамандықтар қатарына жатады. Солардың ішінде оқытушылар жұмысы стрестің дамуына жоғары қауіптенетін мамандық болып табылуда [9,10,11].

Көптеген зерттеушілердің көзқарастары бойынша кәсіби стресс нақты еңбек жағдайының ерекшеліктерін қамтитын сыртқы орта талаптары мен жұмысшы-ның ішкі ресурстарының арасындағы үйлесімсіздік қорытындысы болып табылады. Осының әсерінен жұмысшыда кәсіби стресс, фрустрация, ішкі терең

дағдарыс қалыптасады. Аталған эмоциялық күйдің салдарынан жұмысшының өмірлік, жұмыс сапасы төмендеп, нәтижесінде ұйымның жалпы дамуына кері әсерін туғызады.

Кәсіби стрестің психологиялық реакцияларына: үрейленушілік, депрессия, қанағаттанбаушылық, жалығу, соматикалық бұзылыстарға арыздану, психолог-гиялық шаршау, өзін-өзі төмен бағалау, байланыстардан қашу, өз күшіне сенбеу, психоз, ашу-ызалылық, өзінің сезімдерін басу, зейінін шоғырландыру қабілетсіздігі т.б жатады [7].

Ең көп таралған және ең күшті кәсіби стрестің көзіне ұйымдағы инновация-лық үрдістер жатады. Әртүрлі ұйымдастырушылық өзгерістер, оның көрінісі, ең алдымен, қызметкердің жаңа талаптарға және еңбек жағдайына, мазмұнына бейімделу мүмкіндіктерімен тығыз байланысты. Оқытушылар еңбегін талдай отырып, зерттеушілер әртүрлі кәсіби әрекеттеріне байланысты стрессорлардың алуан-түрлі болатындығын көрсетіп отыр [10, 11, 12]. Оқытушылардың кәсіби стресске итермелейтін объективті факторлардың мынадай негізгі тобын бөліп қарауға болады:

- жан-жақты бағытталған қызметтер санының өсуі;
- әрекетінде әрқашан жаңалықтың (инновация) қажеттілігі;
- қарым-қатынас үрдісінің қиындауы;
- іс-әрекет қорытындысын бағалау адекватсыздығы.

Қазіргі кездегі оқытушының кәсіби іс-әрекеті жан-жақты бағытталған қызметтер санының өсуімен сипатталып отыр. Кейбір авторлар әртүрлі кәсіби қызметтер мен әрекеттерді бір уақытта орындау қажеттілігінен (көбінесе жағымсыз жағдайларда) оқытушылардың психикалық және психосоматикалық бұзылыстарға ұшырау қаупі төнетінін айтуда.

Жоғарыда көрсетілген міндеттермен қатар оқытушы өз әрекетінде жаңа әдістер мен технологияларды белсенді қолданып-кірістіріп отыруға, жаңа оқулықтар мен әдістемелік құралдарды меңгеруге, ғылымның дамуына байланысты жаңа ақпараттар қорын өңдеп, игеруге міндетті. Осындай көлемді жаңалықтарды әрқашан игеріп-қабылдау қажеттілігі сияқты шамадан тыс жүктелу педагогикалық іс-әрекеттің стресс-факторы ретінде бағалануда [13, 14].

Кәсіби стресс қиын жұмыс жүктемесінің болуы, жұмыстың нәтижесін өзіндік бақылаудың болмауы, рөлдік анықсыздық және рөлдік конфликттерге ұшырау, өз кәсібін ұнатпауымен байланысты, сондықтан жұмысшыда стрестің пайда болуының негізгі көздеріне – жұмысты ұйымдастырылуының бұзылуы, жасал-ған жұмыстың әділетсіз бағалануы немесе мүлдем бағаланбауы, жұмысты өз ниетімен, қызығушылығымен орындамауы, өз қажеттіліктерін өтейтіндей қаражат табу жолын іздеуі деп айтуға болады.

Купер мен Маршалл кәсіби стресс көздерін зерттей отырып, келесідей топтарды бөліп көрсетті:

1. Еңбек іс-әрекетіне қарай кәсіби стрестің туындауы:

Жұмыс жүктемесінің аздығы немесе шамадан тыс жүктелуі. Жұмыстың шамадан тыс жүктелуі адам алдында сол жүктемені уақытында орындап үлгерем бе деген сұрақты туындатады. Нәтижесінде абыржу, фрустрация,

сенімсіздік сезімі туындайды. Алайда, жұмыс көлемінің аздығы да осындай сезімдерді туғызса керек. Өзінің мүмкіндігіне сай жұмысқа ие болмаған жұмысшы ұйымның әлеуметтік құрылымында алатын орны мен өзіндік құндылығының төмендігін сезініп, фрустрацияға ұшырап, өзіне деген бағасы төмендейді; Жұмыс жағдайының жағымды ортаның қамтылмауы, яғни, жұмыс орнындағы температуралық және жарықтылық мәселесі, қатты шудың болуы; Уақыттың жеткіліксіздігі (әрқашан жұмысын уақытында жасауға үлгермей калуы); Үнемі өзіндік шешім қабылдаудың қажеттілігі.

2. Жұмысшының ұйымдағы рөліне байланысты стрестік факторы:

Рөлдік белгісіздік, мысалы: кәсіби міндеттері жөнінде ақпараттың аздығы және соған сай әріптестері мен басшылықтан не күтерін білмеуі. Жұмысшылар басшылықтың артқан үміті туралы ойын нақты білуі қажет, яғни не істеуге тиісті, қалай істеуі қажет және ол жұмыс қалай бағаланады; Рөлдік конфликт, субъектінің өзінің жасағысы келмейтін немесе жасауға тиісті емес әрекетпен айналысқанда туындайды; Басқа адамдар үшін немесе қандай да бір зат үшін (өнеркәсіп құралдары, бюджет, т.б.) жауапкершілікті арттыру. Адамдар үшін жауапкершіліктің болуы стрессогенді екенін ескертіп кетуге болады; Өте төмен жауапкершілік, жұмысқа немқұрайлылықпен қарау; ұйымдағы шешім қабылдауға аз мөлшерде қатыстылығы.

3. Жұмыстағы өзарақатынастармен байланысты стрестік фактор: басшымен, бағынушылармен, әріптестерімен өзарақатынастан туындайды.

4. Іскерлік мансапқа байланысты стрестік факторлар:

Негізгі стрессогенді 2 фактормен – кәсіби «сәтсіздік» және соған байланысты ерте жұмыстан босатылудан қорқу; «Сәйкессіздік» статусы, өте тез немесе жай қозғалу, өз мансабының шегіне жету себебінен фрустрациялану; Кепілді жұмысының болмауы (әрқашан қандай да бір өзгерісті күту, тұрақсыздық); Өзіндік ұмтылыс деңгейінің жеткен кәсіби статусымен, дәрежесімен сәйкес келмеуі.

5. Ұйымның құрылымдық және психологиялық жағдайымен байланыс-ты стрестік факторлар:

Тиймсіз кеңес беру (маңызды сұрақтар бойынша өз уақытында мамандан-дырылған көмекті ала алмау мүмкінсіздігі); Мінез-құлықтың еркіндігіне шек қойылу, т.б.

6. Ұйымнан тыс стресс көздері:

Жұмысшының жанұялық өмірде пайда болатын негізгі мәселелері: уақытын тиімді бөлу (жанұясы мен жұмыстың ортасында жүру, басынан жанұялық дағдарыстарды кешіру) [13].

Сонымен қатар, көптеген еңбектерде кәсіби қызметтердің орталығында орналасқан стрестің бірден бір факторы ретінде педагогикалық қарым-қатынас орын алады. Әрекет барысында оқытушы әртүрлі топтармен коммуникациялық байланыс орнатады: студенттермен, әріптестерімен, әкімшілікпен, студенттердің ата-аналарымен; осы топтардың барлығы көптеген және әрқилы бағыттағы талаптар қояды. Оқытушының студенттермен қарым-қатынасы әртүрлі функциялардың орындалуымен байланысты: ақпараттық, әлеуметтік-

перцептивтік, өзіндік презентациялық бағытта, интерактивті және аффективті мәселелерді шешу барысында вербалды және вербалсыз аспектіні қолданады.

Педагогикалық қарым-қатынас үрдісінің өзі стрессогендік болып бағаланады. Зерттеушілердің көзқарасы бойынша педагогикалық қарым-қатынастың арнайы белгілері фрустрацияның, «күйіп-пісу» синдромының және кәсіби стрестің туындауының негізгі себебі болып табылады [15].

Іс-әрекет қорытындысын бағалаудың қиындығы да мамандықтар үшін стрессор болып табылады. Талаптардың әртүрлілігі, оқытушылардың жұмысын бағалау формасы және объективті критерийінің болмауы, оқытушының кәсіби әрекетін әділ бағалау сияқты қосымша стресс-фактордың туындауын анықтайды. Жоғарыда көрсетілген стрессорлармен қатар, кәсіби стрестің көкейкесті факторы қазіргі еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңдері-мен тығыз байланысты – білім беру жүйесінің жалпы жағымсыз жағдайлары. Оған оқытушы маманының әлеуметтік таптауындары, ригидтілігі мен құрылымдарының өзгеруі, осы мамандық іс-әрекетінің мәртебесі мен статусы-ның төмендеуі, оқытушылар еңбегінің материалдық бағалануының жоғары деңгейде болмауы, көрнекілік құралдары мен арнайы құрал-саймандардың, ортехникамен қамтамасыз етілмеуі, аудиториялардың санитарлық жағдайы-ның төмендігі жағымсыз жағдайларды тудырып отыр.

Оқытушылардың физикалық және психикалық денсаулығының нашарлау көрсеткіштері көкейкесті мәселеге айналып отыр. Оқытушылардың стрессогендік әрекетінен заңды және логикалық түрде шығатын факт: аурулардың ішіндегі ең алғашқы орында психосоматикалық аурулар жатады.

Көптеген зерттеулер көрсетіп тұрғандай, оқытушыларда фрустрациялық күйінің жоғарғы деңгейі, ол іс-әрекет мақсатының үнемі шектелуі, мотивтердің қиылысуы мен қажеттіліктердің басылу көрсеткіштері болып табылады. Бірқатар авторлар фрустрация оқытушылардың агрессивтік реакциясының туындауына негіз болатынын айтады. Л.М. Митинаның зерттеулері бойынша оқытушылардың фрустрациялық толеранттық деңгейінің көрінуі басқа кәсіби топтарға (мысалы: инженерлер, ұшқыштар, студенттер) қарағанда өз деңгейінен төмен болады, ал 30% оқытушыларда (әсіресе көпжылдық жұмыс өтілімен) невроз ауруларымен тең.

Әдебиеттерде стресті тудыратын негізгі факторлардың бірі – кәсіби өтіл болып саналады. Оқытушылардың жұмыс өтіліне байланысты стресске ұшырау-ының екі негізгі дағдарысын бөліп көрсетеді: кәсіпке бейімделу дағдарысы (1-3 жыл), тәжірибесінің жетіспеуімен немесе мамандықты дұрыс тандамауымен байланысты, «педагогикалық» дағдарыс (10-15 жыл өтілі бар оқытушыларда), бітпейтін жұмыстылық, кәсіби өсу мүмкіндігінің жоқтығы, еңбекке қанағаттан-бауынан туындайды.

Сонымен, оқытушылардың стресске тұрақтылығына кәсіби әрекеттің тиімділігімен байланысты келесідей факторлар әсер етеді: кәсіби тәжірибе, оқытушы-лар кәсіби іс-әрекетінің мотивациясы, жұмыс ортасының материалды-техника-лық жағдайы, қарым-қатынас үрдісі.

Оқытушылардың кәсіби стресті алдын алудың және басқарудың жолдарын

«Оқытушылардың психологиялық денсаулығы: стресс және оны алдын алу» атты мақалаларымызда жариялаған болатынбыз.

Аталған кеңестерге қоса, В.Л. Маришук пен В.И. Евдокимов еңбектерінде топтың психикалық жағдайын бақылап, функционалдық бұзылыстарын түзету және кәсіби денсаулықтарын жетілдіру тәсілдерінің классификациясын ұсына-мыз. Бұл әдістерді төрт класқа бөліп көрсетуге болады.

Бірінші класс (психикалық қадағалау әдістері) – аутогендік жаттығу, арнайы қадағалау әдістері, «өзіндік бақылау», «өзіндік қадағалау», «әуендік тазалану», аромофитозергономика.

Екінші класс (психофизиологиялық қадағалау әдістері) – кәсіби іс-әрекет кезіндегі физикалық жаттығулар, массаж, рефлексотерапия, рефлексопрофилактика.

Үшінші класс (физиологиялық-гигиеналық әдістер) – еңбек, демалыс, тамақтану тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуы, белсенді демалыс, кәсіби әрекет ортасының қадағалануы, денені шынықтыру.

Төртінші класс (фармакологиялық құралдар) – адаптогендер, ноотроптар, орталық жүйке жүйесінің стимуляторлары, транквилизаторлар, дәрумендер.

Стрестің алдын-алу мәселелеріне теоретикалық талдау жасай отырып, стресті алдын-алу әдістер қатарына кіретін превентивті (профилактикалық) және оперативті (коррекциялық) әдістерін стрестен шығу стратегияларын топтастыруға болады.

Стресті жеңудің ең қарапайым тәсіліне – адам өзіндегі жағымсыз психологиялық процестерді жеңуге көмектесетін психологиялық күйді қалыптастыру қажет. Стресті туғызатын жағдайды талдап, себептерін анықтап, оларды жою немесе күшін әлсіздендіру мүмкіндігін қарастырған жөн. Стресті және дағдарысты жағдайларды жеңу туралы Американың көрнекті психолог-ғалымы Дейль Карнегидің кеңестерін ұсынуға болады: “Біреуді айыптаудан көрі оны түсінуге тырысу қажет, өйткені ақылды, шыдамды, парасатты адамдар осындай жолмен теріс стрестік әсерлерден қорғанып, денсаулығын сақтайды” дейді.

Жалпы алғанда, стрестен арылу үшін ең бірінші адам өзінің стрестік жағдай-да екенін анықтау қажет. Себебі, стрестің көрінуі әр адамда индивидуалды, екіншіден, стрестің бір ғана себебі болмайды; үшіншіден, осындай жағдайдан арылу үшін өзіңіз ғана жол таба аласыз.

1. Березин Ф.В. *Психическая и психофизиологическая адаптация человека*. -Л., 1988. – 272 с.

2. Бреслав Г.М. *Психология эмоций* -2-е изд., стер. - М.: Смысл: изд. центр «Академия», 2006. - 544 с.

3. *Краткий психологический словарь* /Ред.-сост. Л.А. Карпенко; Под общ. ред. А.В.Петровского, М.Г. Ярошевского. -2изд., расш., испр. и доп. - Ростов н/Д: изд-во «Феникс», 1998. – 512 б.

4. Дубровина И.В. *Психология: учеб. для студ. сред. пед. учеб. Заведений* /И.В.Дубровина, Е.Е. Данилова, А.М. Прихожан: -4-е изд. стер. - М.: изд.центр «Академия», 2006. – 464 с.

5. Золотникова Г.П. *Психическое здоровье учащейся молодежи как медико-*

экологическая проблема // Актуальные проблемы охраны здоровья учащейся молодежи: Материалы Международной научно-практической конференции. – Брянск, 2004. – С. 46-49.

6. Нейроэндокринная регуляция адаптационной деятельности / К. Лишиак, [Э. Эндрей](#); пер. с нем.: [М. Сиз](#); под ред.: [Г. Л. Шрейберг](#). – Будапешт: Akademiai kiado, 1967. – 219 с.

7. Бодров В.А. Психологический стресс: развитие и преодоление. – М.: ПЕР СЭ, 2006. – 528 с.

8. Тригрян Р.А. Стресс и его значение для организма отв. ред. навст. предисл. О.Г. Газенко. – М., 1999.

9. [Карташова Л.В.](#) Организационное поведение: учебник: гриф МО РФ / [Л.В. Карташова](#), [Т.В. Никонова](#), [Т.О. Соломанидина](#). – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : ИНФРА-М, 2011. – 382 с.

10. Самоукина Н.В. Психология и педагогика профессиональной деятельности. – М., 2000. – 115-116 с.

11. Ньюстром Дж.В., Дэвис К. Организационное поведение. Поведение человека на рабочем месте. /Пер. с англ. под ред. Ю.Н. Каптуревского. – СПб.: Издательство “Питер”, 2000. – 448 с.

12. Курпатов А.В. Средство от депрессии. – Нева, 2003. – 99 с.

13. Занковский А.Н. Профессиональный стресс и функциональные состояния // Психологические проблемы профессиональной деятельности. – М., 1991.

14. Носкова О.Г. Психология труда: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. Е.А. Климова. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 384 с

15. Реан А.А., Баранов А.А. Факторы стрессоустойчивости учителей // Вопросы психологии, 1997, № 1.

ИССЛЕДОВАНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ СТУДЕНТОВ

Абдрахманов Асан Эмильевич –

ст. преподаватель КазАТиСО, кандидат психологических наук

Аннотация

Мақалада студенттердің рухани-адамгершілік дамуының анықтайтын факторлардың сынамалық зерттеуі ұсынылған. Сонымен қатар осы саладағы біртұтас эксперимент-талдық зерттеудің кезеңдері сипатталған.

Аннотация

В статье представлено пилотажное исследование факторов, определяющих духовно-нравственное развитие студентов. Также описаны этапы целого эксперимент-тального исследования в этой области.

Annotation

The article presents a pilot study of factors determining the spiritual and moral development of students. Also describes stages of the whole experimental research in this area.

Түйін сөздер: рухани-адамгершілік даму, студенттер, эксперименталдық зерттеудің кезеңдері.

Ключевые слова: духовно-нравственное развитие, студенты, этапы экспериментального исследования

Key words: spiritual and moral development, students, stages of the experimental research.

Проведенный нами анализ психолого-педагогической литературы в области духовно-нравственных отношений, обусловил этапы изучения проблемы развития духовно-нравственных отношений психологов /1/.

В соответствии с целью, объектом и гипотезой исследования мы должны были решить следующие задачи:

- выявить уровни, критерии и показатели развития духовно-нравственных отношений;
- разработать и апробировать этапы развития духовно-нравственных отношений;
- раскрыть психолого-педагогические условия организации процесса развития духовно-нравственных отношений.

Для решения перечисленных задач было проведено практическое исследование, которое представляло собой четыре взаимосвязанных исследовательских этапа:

Пилотажное исследование.

На этом этапе при помощи диагностических методов (тесты, анкетирование) изучались духовно-нравственные качества будущих учителей, выявлялись факторы, с точки зрения студентов, наиболее влияющие на повышение уровня духовности и нравственности в обществе.

Констатирующий эксперимент, целью которого был и отбор групп для участия в формирующем эксперименте и диагностика уровня духовно-нравственных отношений на начало эксперимента.

Формирующий эксперимент – опытно-экспериментальная работа, направленная на формирование и развитие духовно-нравственных отношений студентов.

Итоговая диагностика уровня духовно-нравственных отношений на конец эксперимента.

В данной статье мы представляем описание первого этапа эксперимента.

Задачей первого этапа явилось изучение отношений студентов КазАТиСО к проблемам духовности и нравственности.

Всего с этой целью было опрошено 927 студентов с первого по четвертый курс. Опрос проходил на психолого-педагогическом факультете, КазНПУ им. Абая, факультете права и социальных отношений КазАТиСО. Опрос студентов данных факультетов показал, что более 82% студентов признают проблему духовности актуальной /2/.

Около 76% студентов хотели бы повысить свой духовный уровень. 67% опрошенных считают, что, повысив уровень духовности, нравственности, можно избавиться от многих проблем современного общества. Но вместе с тем лишь 43% студентов посчитали нужным введение спецкурса, изучающего

проблемы духовности, нравственности в вузах. 25% опрошенных сомневаются, нужен ли такой спецкурс в вузе. Во время беседы со студентами оказалось, что они боятся формализма в преподавании, так как считают, что в университете мало преподавателей, которые могли бы вести такой спецкурс.

Нам показалось интересным узнать, какие факторы, с точки зрения студентов, более всего влияют на повышение уровня духовности, нравственности в нашей стране.

Опрошенным был дан перечень факторов, указанных в опроснике В.Г. Горбачева [58] которые влияют на духовную жизнь общества.

Среди предлагаемых В.П. Горбачевым факторов были такие, как семья, учебно-воспитательные учреждения, социальное окружение, учреждения культуры, духовные ценности, СМИ.

Нам показалось оправданным включение и такого фактора, как «человек», под которым подразумевается работа личности над собой: самопознание, самовоспитание, самосовершенствование. Опрос показал, что, по мнению студентов, более всего влияют на повышение уровня духовности, нравственности семья (81%), сам человек (74%), духовные ценности (68%). Немалую роль в повышении нравственности и духовности по результатам опроса играет и социальное окружение (62%).

Семья всегда играла ведущую роль среди наиболее значимых факторов духовно-нравственного развития. Она сохранила ее и по сей день, что отражено в различных психологических исследованиях.

В нашем исследовании, по мнению студентов, именно семья более всего влияет на повышение уровня духовности и нравственности. Семья создает, закладывает фундамент нравственности и духовности в личность ребенка (к сожалению, и безнравственности, и бездуховности тоже). Однако сегодня семейное воспитание несет потери в связи с вынужденным переключением усилий родителей на создание материальной базы как условия выживания, как возможности дать собственным детям качественное образование.

В нашей стране традиционно воспитательную функцию брали на себя школа, дошкольные учреждения и разного рода общественные организации. В последнее время школа и даже дошкольные учреждения ослабили, а где-то и утратили свою воспитательную роль.

По нашему мнению, это нашло отражение и в проведенном опросе.

Учебно-воспитательные учреждения занимают пятое место среди факторов, влияющих на повышение уровня духовности, нравственности. Настораживает и тот факт, что учреждения культуры, которые традиционно «несли» культуру, нравственность, духовность в массы, оказались лишь на шестом месте по степени значимости в проведенном опросе.

По нашему мнению, все это привело к таким кризисным явлениям в нашем обществе, как рост детской преступности, проституции, наркомании. Менее всего влияют на повышение духовности и нравственности, по мнению студентов, религиозные учреждения и СМИ /3/.

Религия оказывает определенное влияние на мировоззрение и нравственное

поведение детей и взрослых. Однако, как показывает практика, современные дети мало знают об ее истории и, соответственно, культуре мусульманской и христианской. Поэтому влияние мечети и церкви более проявляется в семьях, где родители верующие. Это нашло отражение и в нашем исследовании /4/.

В числе дополнительно выделенных факторов оказались: национальные традиции, патриотизм, влияние природы, материальное благополучие и др. /5/

Факторы, повышающие, по мнению студентов, уровень духовности, представлены в табл. 1.

Таблица 1. Факторы, повышающие уровень духовности и нравственности нашей стране

Факторы	Показатели, %
Семья	81
Учебно-воспитательные учреждения	53
Человек	74
СМИ	43
Социальное окружение	62
Религиозные учреждения	45
Учреждения культуры	53
Духовные ценности	68
Другие	23

Студентам, участвующим в опросе, было предложено также ответить на вопрос: «Как Вы считаете, какие факторы в наше время снижают уровень духовности, нравственности в нашем обществе?»

По мнению студентов, такими факторами оказались прежде всего СМИ (72%), социальное окружение (65%). Менее всего, по данным опроса, снижают уровень духовности учебно-воспитательные учреждения (21%). Среди факторов, перечисленных самими опрошенными, в графе «и др.» оказались: влияние Западной Европы и США, социальный кризис в обществе, утеря национальных традиций, разобщенность людей, Интернет, сексуальная революция и др.

Во время беседы после опроса студенты особо отметили пропаганду безнравственности и бездуховности в СМИ (табл. 2)

Таблица 2. Факторы, снижающие уровень духовности и нравственности нашей стране

Факторы	Показатели, %
Семья	44
Учебно-воспитательные учреждения	21
СМИ	72
Социальное окружение	69
Господствующая идеология	41
Другие	22

Среди факторов, снижающих духовность личности, не представлен субъективный, личностный фактор.

Таким образом, студенты хотя и связывают стремление к духовно-нравственному росту с личностной позицией, но в большей мере приписывают значимость в развитии духовности внешним факторам.

В данной статье описана только первая стадия эксперимента. В целом же по проведенному нами исследованию нами разработана модель и авторская программа психологической поддержки студентов основана на взаимосвязи и взаимообусловленности процессов духовного и профессионального становления, а также активизации этих процессов посредством влияния на когнитивно-познавательный, потребностно-мотивационный, эмоционально-нравственный и действенно-поведенческий компоненты в процессе освоения специально разработанных учебных курсов.

Реализация указанной программы в практике обучения студентов-психологов привела к значительному повышению уровня развития как внутренних так и внешних духовно-личностных качеств. Произошло статистически достоверное повышение показателей осмысленности жизни, сближение иерархии ценностных и смысложизненных ориентации студентов и опытных профессионалов.

Результаты проведенного исследования показали статистически значимые изменения в уровне развития внешних, проявляющихся во взаимодействии с другими людьми духовно-личностных качеств у студентов-психологов экспериментальной группы. Повылся общий уровень эмпатических способностей, возросло стремление к самоактуализации, произошло улучшение межличностного взаимодействия.

Исследование духовно-личностных качеств студентов двух контрольных групп (студентов-психологов и студентов-дошкольников) не выявило статистически значимых различий.

Несмотря на специфику учебной программы на психолого-педагогическом факультете, контрольные группы оказались одинаковыми по всем показателям. Этих студентов характеризует низкий уровень эмпатических способностей, трудности в установлении контактов, недостаточная социальная зрелость, невысокий уровень осмысленности жизни.

Полученные данные свидетельствуют о том, что если специально не организовывать обучение студентов-психологов, то у них не происходит развитие духовно-личностных качеств.

Таким образом, разработанная нами модель и программа психологической поддержки студентов способствовали развитию как внутренних так и внешних духовно-личностных качеств.

1. Абдрахманов А.Э. Экспериментальное исследование духовно-личностных качеств студентов-психологов *Социальная педагогика и самопознание* № 1 Январь-февраль, 2013

2. Абдрахманов А.Э. *Психологические основы духовно-нравственного воспитания* - Алматы, 2013

3. Жузжанов О.Т., Катков А.Л. *Развитие общества, ментальное здоровье и реформа здравоохранения*. - Алматы, 1996. - 213 с.

4. Пузиков М.Ф., Кудро Н.М., Мухамбетова К.А. *Личность в условиях социальных перемен.* - Алматы, 2003. - 237 с.

5. Нысанбаев С.Н. *Адаптация личности к рыночным условиям жизнедеятельности* //Вестник КазГУ. Серия экономическая. – Алматы: изд-во КазГУ. – С. 9-18.

THEORETICAL AND PRACTICAL CONTENT OF THE EDUCATIONAL PROCESS PSYCHOLOGIZATION

Sadykova Anel –

MA in psychology and pedagogy

SR Abay KazNPU Psychology Scientific Research Institute

Аннотация

Мақалада білім беру үрдісін психологияға бағыттаудың теориялық-практикалық негіздері берілген. Психологияландыру ұғымы психологиялық мәдениет пен құзыреттілікті дамытудың аспектілерін қамтыған.

Аннотация

